

Бұл айдардың кейіпкерлері театр мен өнер, әдебиет пен сазгерлікте біркісідей қажыр-қайрат жұмсаған. Алайда, қазіргі таңда өткені ескерілмей, биік сахналардан көп көріне бермейтін өнер иелерінің өмірі мен өрлігі сараланады. Азып-аулақ базынамыз бен ұсынысымызды да іле кетпекпіз.

Қажет АНДАС
"Жетісу"

ӨЖКӨРЛІК

Өмірде қарақан басының қамын күйттемейтін, болдым-толдым деп асып-саспайтын, Алласы аузынан түспейтін, бәрінен де адамгершілік қасиетті жоғары бағалайтын жандар болады. Оларға мәртебенің де, биліктің де, өзін көрсетіп әспеттеудің де керегі шамалы. Өйткені, олардың жан дүниесі, ішкі әлемі, болмыс-бітімі тұтас елдің рухымен, халықтың қамымен қабысып жатады. Жатса-тұрса да, үйде-түзде де ойлайтыны жұмыс жайы. Тіпті, отбасының да қызығын сол мамандығының жолында құрбан етуге дайын. Бір өкініштісі, өмірдің заңы ма, әлде, пендешілдік пе бар ғұмырын баршаның қажетіне жұмсаған осындай адамдарды назардан тыс қалдырып жататынымыз жасырын емес. «Өз ағасын ағалай алмаған, кісі ағасын жағалай алмайды» демекші, қазақ жастары ұлттың өркениетін төрге оздырамын деп жүріп, өзегі талып біткен аға буынның еңбегін, асыл қасиетін ескеріп отырмаса, олар ертеңгі болашаққа не айтпақ? Ойландырар сауал көп. Ендеше, әңгімені төтесінен бастайын. Сіз өлкеміздің театр саласының өркендеуіне, кемелденуіне, дамуына барын салған, жалпы өнер сахнасында 54 жыл, Райымбек ауданындағы «Кеген халық театрының» алғашқы ұығын қадамаса да, сол өнер ұжымында табан аудармай 43 жыл жұмыс жасаған Нағима Таласбаева апамыздың билетін немесе естіген боларсыз. Айтпақ болған ой, тізгінтартар ұсынысымыздың тиянақты болуы үшін алдымен әңгіме ауанын апамыздың өмірі мен еңбектерін тағы бір екшеп алуға арнасақ.

Нағима апамыз 1941 жылы Көксу ауданында туып, Еңбек Ері Нұрмолда Алдабергенов пен Жылқайдар Егінбаевтан үлгі алып. балалық арманын үкілеп, 1959 жылы Талдықорған қаласындағы драма театрына әртіс болып қабылданады. Сол жылы Жұмаш ағамыз да театрға жұмыска кіреді. Өкінішке орай, олардың театр сахнасындағы өнері шыңдалып, талантына жол ашылар тұста, Талдықорған театры Қызылорда қаласына көшіріледі де, көптеген жас әртіс жұмыссыз қалады. Осы кезде аудандарда халық театрлары ұйымдастырыла бастайды. Енді Жұмаш аға мен Нағима апа Нұрмолда Алдабергенов басшылық ететін шауашылықта жаңадан құрылған халық театрына жұмыска тұрады. Бұл таңдаулары теріс кетпейді. Осы шауашылықта Нағима апамыздың ұйымдастыруымен екі халық театры шаңырақ көтереді. Сол жылдары, яғни, 1965 жылы Нағима апамыз біліктілігін шыңдаумен қатар, өмірлік жолдасы Жұмаш атамызбен отау құрады. Кейін Нағима Таласбаева апамыз бен Жұмаш Әлдибеков атамыз Жылқайдар Егінбаев ұйымдастырған халық театрында 5 жыл еңбек етеді. Өмірге жас сәбилері келіп, олардың келешегін ойлаған олар Жұмаш ағаның туған ауылы Текеске біржола көшіп келіп, орналасады. Осы кезде ауданда жаңадан құрылған театрға өнерлі жастар керек болады да, екеуі көп ойланбастан 1970 жылы аудандық халық театрына қабылданады. Нағима апамыз театрдың бас режиссері болып тағайындалып, өңірдегі өнерлі жастарды жұмыска тартады. Сол қатарда бүлбүл әнші Жаныл Сабаншиева, күйші-термеші әрі әнші Тоқтарбай Бірімжанов, Айтбек Сайлыбаев, Жақсылық Абдраманов, Құдайберген Ештаев, шебер актерлер Б. Салқынбаев, Н. Дүкенбаев, Т. Мырзаханов, Т. Бибеков, Б. Сәлімбаева, Т. Жанәділова, С, Әлдекенова, Т. Мұқажанова, тағы басқа өнерлі жастар



Өнер саласында 54 жыл, ал бір өңірде, ауылда, ортада, ұжымда, табан аудармай 43 жыл жұмыс істеу екінің бірінің қолынан келе бермейтін табандылық. Мұндай табанды жандар арамызда санаулы немесе жоқ.

Нағима апамыздың жетекшілігімен әр жылдары театр репертуарын тың дүниелермен толықтырып, ұжым атын республикаға танымал етуде мол қажыр жұмсады. Мұхтар Әуезовтің «Қаракөз», «Еңлік – Кебек» драмасы арқылы халықтың атағын қорғаған аудандық театр құрылғаннан бергі 45 жылда Мұхтар Әуезовтың «Айман – Шолпан», Қасым Аманжоловтың «Досымның үйленуі», «Қаракөз қарындасым» спектаклін, Оралхан Бөкейдің «Құлының менің» драмасын, Төкен Әлімбайдың «Даладағы дүбір» сияқты 45 қойылымды сахналап, көрермен көңілінен шықты. Сол қойылымдардың көрнекті рөлдерінде апамыздың сомдағанын айта кеткен артық болмас.

Талмай ізденудің нәтижесінде аталған театр аз уақыттың ішінде үлкен белесті бағындырды. Өзгесін айтпағанның өзінде Бүкілодақтық I, II, III театр фестивалінің лауреаты атанып, тәуелсіздік алғашқы жылдарындағы қайта құру кезінде өнер шаңырақтары бірінен кейін бірі жұмысын тоқтатып, ауылдағылар қалаға ағылып, өнер адамдары кәсібін тастап басқа жолдан бақ ізделп кетті. Осы тұста аталған театрды сақтап қалу үшін жанын шүберекке түйіп, сол ортадан тапжылмай барды ұқсатып, жоқты жоқтап аудандық театрдың үзігін жалғап бүгінгі халге жеткізген де Нағима апамыз. Бұл да екінің бірінің қолынан келе бермейді. Ал өнер үшін барын арнаса да, ешкімнің алдына барып, алақан жайып атақ, мәртебе, орынтақ сұрамаған да сол кісі. Мұнан өткен риясыздық жоқ шығар-ау, тегі. Кейде, арамыздағы кейбір ағаларымыз, қатарластарымыз, інілеріміз қандай да бір атақ пен данққа бөлене қалса, жұмыс телефонына маза бермейді немесе өзін насихаттаудан жалықпайды. Сол кезде көз алдыма өнерге деген іңкәрлігі басым Нағима апам оралады. Сондайақ, бүгінгі таңдағы орындығы жайлы, ақшасы мол, дәрежесі жоғары жұмыс ізденп, бір мекемеден екіншісіне шапқылап жүретін жастарды көргенде: «Шіркін! Нағима апамыздан үлгі алса етті», – деп те ойланатын кезім аз болған жоқ. «Баба бүркіт барлап ұшады, бала бүркіт парлап ұшады», – дегендей, әр басқан жолын барлап, содан түйін тауып, оны өмірлік азық ете жүріп, білімі мен парасатын елі мен жерінің қадіріне жараткан, парасат биігі сан сынаққа дөп келсе де, алға жетелеп отырған апамыздың табандылығы – көптеген жаңа үлгі боларлық ұлы қасиет. Мүмкін бүгінгі өмір, қоғам, түсінік, материалдық шарт-жағдай, қажеттілік басқа шығар. Бірақ, бір ағамыз: «Жұмыстың жақсы, жаманы жоқ. Бірақ жақсы-жаман нәтиже бар» дегеніне сүйенсек, қарымы кең қалада тұрып та, қазақы қалыптың қаймағы бұзылмаған ауылда тұрып та сүбелі еңбек етуге болатынын білуге болады. Тіпті, қолында бардың бағасына жетпей, шауашын шатқаяқтатып жүргендер де көп. Ал табандылығын талабымен ұштап, үмітін үкілеп, атан түйеге жүк болар мақтанарлық нәтижелерге

1970 жылы Нағима апамыз аудандық театрдың бас режиссері болып тағайындалып, өңірдегі өнерлі жастарды жұмысқа тартады. Ал театр құрылғаннан бергі 45 жылда 45 қойылымды сахналап, көрермен көңілінен шықты.

одақтың театр фестивалінде «Үлкен алтын» медальмен марапатталды. 1988 жылы Польшада өткен халықаралық фольклорлық-этнографиялық ансамбльдер байқауында театрдың жанынан құрылған «Тоғызқұмалақ толқындары» ансамблі I дәрежелі дипломға ие болады. Нағима апамыз 1983 жылы Қазақстан Республикасының «Еңбек сіңірген мәдениет қызметкері» деген мәртебелі атаққа ие болды. Бұндай жоғары атақ аудандағы мәдениет саласы қызметкерлеріне бірінші рет берілуі еді. «Кеген халық театры» құрылғаннан бері еліміздің барлық облысында өнер көрсетумен қатар, көршілес Қырғыз Республикасына гастрольдік сапармен барып, көрерменін тәнті етіп қайтты. Мұның бәрінде Нағима апамыздың қолтаңбасы сайрап жатыр.

Әрине, Нағима апамыз өмірден атақ немесе мәртебесіз қалды деп шағымданғалы отырған жоқпын. Кезегінде талай биіктен көрінді. Еңбегінің жемісін жеді. Елі сыйлады, жұрт сүйісінді. Бірақ, бір өңірде, ауылда, ортада, ұжымда, табан аудармай 43 жыл жұмыс жасау екінің бірінің қолынан келе бермейтін табандылық. Бұндай табанды жандар арамызда санаулы немесе жоқ. Тіпті "Гиннес» рекордтар кітабын парақтап отырып та дәл апамыздың табандылығына тең түсетін ұқсастықты таба алмағанымды айта кетейін. Сонымен қатар, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы қайта құру кезінде өнер шаңырақтары бірінен кейін бірі жұмысын тоқтатып, ауылдағылар қалаға ағылып, өнер адамдары кәсібін тастап басқа жолдан бақ ізделп кетті. Осы тұста аталған театрды сақтап қалу үшін жанын шүберекке түйіп, сол ортадан тапжылмай барды ұқсатып, жоқты жоқтап аудандық театрдың үзігін жалғап бүгінгі халге жеткізген де Нағима апамыз. Бұл да екінің бірінің қолынан келе бермейді. Ал өнер үшін барын арнаса да, ешкімнің алдына барып, алақан жайып атақ, мәртебе, орынтақ сұрамаған да сол кісі. Мұнан өткен риясыздық жоқ шығар-ау, тегі. Кейде, арамыздағы кейбір ағаларымыз, қатарластарымыз, інілеріміз қандай да бір атақ пен данққа бөлене қалса, жұмыс телефонына маза бермейді немесе өзін насихаттаудан жалықпайды. Сол кезде көз алдыма өнерге деген іңкәрлігі басым Нағима апам оралады. Сондайақ, бүгінгі таңдағы орындығы жайлы, ақшасы мол, дәрежесі жоғары жұмыс ізденп, бір мекемеден екіншісіне шапқылап жүретін жастарды көргенде: «Шіркін! Нағима апамыздан үлгі алса етті», – деп те ойланатын кезім аз болған жоқ. «Баба бүркіт барлап ұшады, бала бүркіт парлап ұшады», – дегендей, әр басқан жолын барлап, содан түйін тауып, оны өмірлік азық ете жүріп, білімі мен парасатын елі мен жерінің қадіріне жараткан, парасат биігі сан сынаққа дөп келсе де, алға жетелеп отырған апамыздың табандылығы – көптеген жаңа үлгі боларлық ұлы қасиет. Мүмкін бүгінгі өмір, қоғам, түсінік, материалдық шарт-жағдай, қажеттілік басқа шығар. Бірақ, бір ағамыз: «Жұмыстың жақсы, жаманы жоқ. Бірақ жақсы-жаман нәтиже бар» дегеніне сүйенсек, қарымы кең қалада тұрып та, қазақы қалыптың қаймағы бұзылмаған ауылда тұрып та сүбелі еңбек етуге болатынын білуге болады. Тіпті, қолында бардың бағасына жетпей, шауашын шатқаяқтатып жүргендер де көп. Ал табандылығын талабымен ұштап, үмітін үкілеп, атан түйеге жүк болар мақтанарлық нәтижелерге қол жеткізгендерді де көріп жүрміз. Сіз қайсы саланаттасыз? Оны өзіңіз екшеп алыңыз?

Осы ретте айта кету керек шығар, кейінгі жылдары облыс әкімінің қаржылай қолдауының арқасында облысымызда 5 халық театры қайта жаңғырды. Сол қатарда Кеген халық театрына 15 штаттық бірлік бөлініп, Қазақстан Республикасы еңбегі сіңген мәдениет қайраткері, Райымбек ауданының Құрметті азаматы Нағима Таласбаеваның жетекшілігінде ауылдың өнерлі жастары жемісті еңбек етуде. Иә, мұның өзі өңірдегі мәдениет мәйегіне қан жүгіре бастағанының аңғартады. Әсіресе, бізді ешқандай білімі, табақтай дипломы жоқ ауыл өнерпаздарының өнерге деген сүйіспеншілігі сүйіндірді. Бұл: «Қолдау мен көмек болса ауылды жерде тұнып тұрған өнер бұлағының көзін ашып, көп нәтижеге жетуге болады екен-ау», –деген түсінікке бойлатты. Сол түсініктің түйінін тағы да Нағима апамыздың өмірінен таба аламыз. Айтудай-ақ, айтамыз-ау. Ал іске келгенде ілмектеліп жататынымыз тағы бар.

Жасыратыны жоқ, бойымызда әлі де жайбасарлық, немкеттілік, сәл-салмаушылық сақталып келе жатыр. Кенес кезіндегі келеңсіздікті сол дәуірдің кінәсі деп есептейік. Ал бүгінгімізге тіміскілеп, ұят ұялатса, кане.



ҰСЫНЫС

Ендеше, басында айтқандай, Нағима апамыз атақтан кенде емес. Райымбек, Көксу аудандарының Құрметті азаматы, тағы да басқа медальдарды кеудесіне жарқыратып тағып жүр. Бірақ, өнер, театр, мәдениет саласына сіңірген еңбегіне лайық атақ беретін кез келді-ау, деймін. Мүмкіндік бар ғой. Мүмкіндігі бар нәрсе мүмкін болар, иншалла. Дей тұрғанмен, өнерге жанашыр көзбен қарайтын, өнер адамдарының сіңірген еңбек, төккен терін әділеттілікпен бағалайтын азаматтардың, Райымбек ауданындағы атқа мінерлердің құлағына алтын сырға.

Тақырыпқа орай



– Естен кетпес оқиғаңыз?

– «Кеген халық театры» Мұхтар Әуезов атындағы академиялық драма театрында Әзербайжан драматургі Шамхалықтың «Қайын ене» спектаклін қойып жатқан кез. Қойылымдағы режиссер рөлін ойнайтын Ернат Кенжебаев өзінің кезегі келмей тұрып сахнаға кіріп келді. Мен сахнада тұрғанымды ұмытып, әдеттегі дайындық үстіндегідей оған:

– Неге келдің, сенің кезегің келген жоқ, – деймін дауыс көтеріп. Көрермен аң-таң болып тыңа қалды. Сонда ғана қайда тұрғанымыз есімізге түсіп, бәрміз ду күлдік. Бірақ, қойылым күлкіге құрылғандықтан көрермендер мұны байқамай қалды.

– Сүйікті рөліңіз?

– Шыңғыс Айтматовтың «Ана – Жер-ана» қойылымындағы Толғанай рөлі. Өйткені, Толғанайдың бойында аналардың барлық ізгі қасиеттері жинақталған. Бізді де биіктерге жетелеген сол арман.

– Бүгінгі көрерменнің театрға ықыласы қандай?

– Бүгінгі көрерменнің театрға деген ықыласы өте жоғары. Өкінішке орай, біз олардың шөлін қандыра алмай келеміз.

Тимириязев атындағы академиясында оқыдым. Ол Кеңес Одағының кезеңі. Сол жылдары Қиыр Шығыстан батысқа дейінгі 15 мемлекеттің өкілі болды ғой. Сол елдерден жиылған біздер түнгі 12-де Жаңа жылды қарсы алған соң, әр сағат сайын әр мемлекеттің ұлттық салт-дәстүрін, әнжырын, тағам мәзірлерін тамашалап таңды-таңға жалғастырып той-думан жасағанымыз әлі күнге есімнен кеткен емес. Түркмен, өзбек, украин, белорусь пен молдавандар. біздің қазақтар. тізбелей берсек осындай ұлттардың бірігіп, Жаңа жылды тойлауы төулік бойына жалғасып, өбден қызыққа кенелген едік. Содан бері 32 жыл өтсе де сол жаңа жылдың әсерін ұмытқан емеспін.

Қазір ойлап қарасам, Жаңа жылдық мерекеде ұлтаралық татулыққа, әр елдің, ұлт пен ұлыстардың дәстүрін құрметтеуге ерекше мән беріліп, достық пен татулықтың ұйытқысына айналған екен. Бұл жайт, бүгінде жалғасын тауып келе жатыр. Елбасымыздың жыл сайынғы Қазақстан халқына арнайтын дәстүрлі Жолдауында да көпұлтты мемлекетіміздің достығын нығайтып, ынтымағын арттыру мәселесі басты назарда тұратынын жақсы білеміз.

Мерекенің қай-қайсы да адамдарға жақсы көңіл күй мен қуаныш сыйлайтыны хақ. Ал жаңа жылда адамдар өткен жылына рахмет айтып, алдағы жылдан үлкен үміт күтетіні ақиқат. Сондықтан Жаңа жылымыз құтты болып, жаңа табыс, мол береке, ынтымақ-бірлік әкелсін!

Журегіне жүгін жиған ғаламның,



ЖУРНАЛИСПІН

Не жазсаң да көңіліңнің қошымен,
Мәр боп тамған, із боп қалған досым ең.
Бұл қалада пікірлесім сен барда,
Жылнамаға өмір сырын көшірем.

Екеуміз де жақсылыққа шөлдеппіз,
Мен айтайын, болашаққа сен жеткіз.
Бір жақсысы – адалдықтан айнымай,
Бір жақсысы – арыз жазып көрмеппіз.

Зая өткізбей өмір атты сынақты,
Сеңдірмесем бабам жаққан шырақты.
Құйсам деумен сәби елге сәулемді,
Төксем деумен айналама шуақты.

Отырамын күнім түнге ұласып,
Жүрек сөзі жарияға тым асық.
Адасқан ой қайтып келген ана жыл,
Жара орны жүрегімде түр ашып.

Оралымды ой жанымдағы жақтасым,
Толғантады қағып сезім қақпасын.
Сөзім мерген табылады ондықтан,
Айдалаға лаққан сөзден сақтасын.

Көкейімде кіршіксіз пәк түнған ән,
Елмен еңсе түзеймін де нұрланам.
Журналиспін көптің ойын бөліскен,
Мұқалмасын ізгі жолда бұл қалам!

Саған аян – түнгі үйқымды құрбан қып,
Үндестік те бірлесіп біз жыр жаздық...
...Сен қаларсың, көрсе ұрпағым көзімдей,
Мен көшермін, келсе көктен бір жарлық.

Жомарт ИГІМАН.

ӘР ҮЙДІҢ ШАМШЫРАҒЫ



Өзіңді сүйіп оқыр бала жастан,
«Жетісу» – бір газетім емір-дастан.
Сағын берем барымды, саған айтам,
Сыралғы газетім ең әуел бастан.

Бәрі де елге жетіп ақпарының,
Әдебет жолын құып атқа міндің.
Айнасы болға бірдің Жетісудың,
Шындықты жазып талай ақтарыздың.

Тарихың келе жатқан көнеден шын,
Таратқан көпке үлгі, өнегесін.
Сүйікті сүйіп оқыр газетім ең,
Халқының алғысына бөленетін.

Білдірмей нарықтың бұл тапшылығын,
Әр үйдің шамшырағын жақшы бүгін.
Әрісінің жүрегінен орын алған,
Өркеннен өсе берсін жақсылығын.

Күтемін салауат сөз әр бетіңнен,
Оқырман тебіреніп, тербетілген.
Рухани азығың көзінді ашар,
Толығар азды-көпті кем-кетігің.

Көбейтіп оқырманың еселесін,
Көркейтіп баспасөздің көсегесін.
90 жыл қызмет еттің шежірелі,
Көтеріп көкейтесті мәселесін.

Аттаған алға бассын қадамдарың,
Ұмытпай ауыл, қыстақ, қалам, барын.
Жаза бер жақсылықты, мұқалмасын
Әріптес журналистер қаламдарың.

Сүлеймен КЕРІМБЕКОВ.

ІШАЛҚЫМА

ӨНЕР ӨЗІНДІКІ ЕМЕС, ЕЛДІКІ



Қажет АНДАС,
"Жетісу"

I

Асқақ арманға құлшына қанат қақтырған, ел-жұрттың сырын іздетіп, мұңына жүрек шақтырған журналист жолы – қашанда жалау жол емес, жарқынын көпке медет, елге күт, сенімге шырақ жақтырған. Батырлық пенен ғашықтық болмаған жерде дарын жоқ, әрине, кезір бәрі бар, көйлегің бүтін, қарын тоқ. Десе де, мынау тіршіліктің күпиясына бойлайтын адамда болуы керек ақ, арынды шабыт, жалын шоқ. Қайыспас қайсар тұлғасы, армысын халқым, өр елім. Өзіңнің өршіл рухыңа, өр сенімімді бөледім. Жерге пәр берген, елге күт, елдің дана бағытын оқырманыма жеткізіп, қызмет етіп келемін. Мақтанып тұрып айтамын, от даусым мен үнім бар, ендеше, менің өзімдік ойыма құлақ бұрыңдар.

Алуан, алуан күндерден сыр аулаған, алдымда ауыр міндет тұр-ау маған. Өйткені журналиспін, жаным жалын, сипатым халқым сенен бір аумаған. Сырыңды іздеп келемін мұңыңменен, қиыр-қиыр соқпақпен. Бұдырменен. Кадірі де болмайды адамдардың қасиетіне халқының үңілмеген. Күндеріңмен сырласқан, түндеріңмен, журналиспін, жан оты күнде өрілген. Туған елім шаттығың, қуанышың, қашан болсын менімен бірге мүлдем. Қадіріне қауымның ат төреген, үкілеген әулеттің ақ тілегі ем. Том-том кітап құшақтап толғанамын, том-том болған бабамның шаттығымен. Тіршіліктің қымқыған сенегінде, дарынымен кадірлі ер елінде. Маған ешбір мадақтың керегі жоқ, жақсылықтың барлығын бер еліме. Одан өзге бақыттың керегі не? Қанат қағып ғалықпас биіктерге, қуанамын өскенге сүйікті елге. Уа, туған жер, өзің деп жырлап өтем, сол арқылы жетемін биіктерге.

Мен журналиспін!

II

Жүрт бізге «әріптес» дейді, мен бірақ «әріптес» деп айта алмаймын. Әріптес дегенде, ол жағы тансық та емес, себебі, журналист дегеніміз елі үшін отқа өртенген, әділдік, теңдік, ақиқаттан ой өреді. Күн сайын күліп, жадырап, жайнап жүргенмен, басында оның сан алуан қиял түрленген. Өзі үшін емес, халықтың қамын ойлайды, шаршайды тағы шындықтан түйін іздеумен. Не деген пейіл, даркандық, кеңдік, о, тәуба! Өмірін мүлдем арнаған елге, Отанға. Кезі келгенде әкім де болып кетеді, айнала алады ақынға, әртіс, шопанға. Бойында оның сан түрлі өнер нәрі бар, жүрегі нәзік, сезімі шалқар, жаны адал. Қасиет тұнған караша жанның қадірі, аспандағы Аймен, көктегі Күнмен парапар. Сарандық, настық, сылбырлық онда жоқ мүлдем, таласа туар ақ шапақ арай, пәк күнмен. Жаны да оның жаңалық іздеп тұрады, асыра мақтап, әсіреле айтқан жоқпын мен. Әр нәрсенің де өзіне сәйкес нарқы бар, керегі болса келісті ойды қалқып ал. Батырлығын бабалардың, даналығын шешендердің, соғыс салған жараны да, елдің байлық, ырысы да, салты бар, өсер елдің өсиетті тірлігін журналистің қаламынан білесің. Біледі де, алады әркім үлесін.

Соның бірі дәл былайша өрілген: Міне, осыдан мың жыл бұрын өмір сүрген Кайқаус, жиып барлық бұқарасын, балаларын, достарын:

– Халық құнды тарихы мен парасатын бағалы, айтындарды оны қалай таза сақтай алады? – деп сұранты.

Сонда орнынан көтеріліп бас уәзір:

– Дат, – депті.

– Бізге енді болашақты ойланатын шақ жетті. Біз жасаған жақсылық пен берекелі тірлікті, саясат пен билікті, салиқалы ел өмірін өзгеше, тарихқа өшпес алтын әріптермен жазған жөн. Әлі талай ғасыр аунап, жыл жылжиды, ендеше, кешегі өткен батыр, бағлан қайда кетті, өлмесе? Бірақ біздің жазып кетпеп тарихымыз өшпейді, ұрпақтарға ұлылықтың ұлағатын бермесе.

Содан бастап ел ішінде атқарылған жұмыстарды еңселі, тұрғындарға жариялап тұратын басылым шыққан екен дескеді.

Иә, солай, біз кім едік, жаны жайсаң журналиспіз, білесің, тарихпен аты бірге, заты бірге жүретін. Кейде шындық, "Ой қуған бір пенде еді"деп қызығы, бала мінез жанымызды түсінбей, жаланың да жалауына ілесің. Қаламына жарқын, нұрлы, қадірі үстем ар түйіп, отырады кейбір сәтте ой қуалап, сарылып. Тыраштанып, байлық жиып, бай болайық демейді. Ақиқатты айту – парыз, ол – ұрпаққа тарих. Сол арқылы жаңға – тыныс, ойға – азық береді, жігеріңді шыңдылдыққа, кіл шындыққа бөлейді. Балалыққа бой алдырған кезінде, бағытынды даналыққа түзейді. Әрине, оған лазым емес атақ-даңқ, мәртебе, елдің ырыс-берекесі керегі.

Журналист деген осындай адам, ағайын!

III

Әз басынан талай қызық, қуанышты өткерген, сан арманды алға сүйреп, сан жүрекке от берген, бүгін, міне, тағы да бір мерекеде қауыштық. Кәні, достар, тың естелік қалдырайық өткеннен. Бүгін мүлде айтылмайды, бағына да, өкпе де, көкке өрлеп кете берсін көңіл деген көк кеме. Қуанышты сатып алар зат емес қой ақшаға, біреулерге сыйға тарта салмайсың-ау текке де. Томағасын тартқан қыран, тайына ма жартастан, сақта, құдай, бәрімізді берекесіз жалтақтан. Қашандағы ел мұратын есімізге сақтайық, жолдар қиын болса дағы жүйкемізді шаршатқан. Ойда қуат, болсын мәңгі саркылмайтын санаңда ар, келешекке кемел ақыл, үмітпенен қарандар. Журналист – ол киелі есім кір жұқтырып алмасаң, парасат пен пайымыңды бағалайды адамдар.

Мерекелеріңмерейлі болсын, әріптестер!

ІАҚ ТІЛЕК



ҚАПШАҒАЙ – жастар қаласы

Уақыт өткен сайын газеттер мен журналдардың қатары толыға түсіп келеді емес пе? Мұның өзі де еліміздің жағдайының жақсарып келе жатқандығының белгісі.

Өткен жылдың 11 қарашасында Қапшағайда «Нұрлы өлке» деп аталатын қалалық жастар газетінің алғашқы саны жарыққа шықты. Алтасына бір рет А-3 форматымен 12 бет болып жарық көретін бұл басылым қазірдің өзінде өз оқырмандарын тауып үлгерді десек, ешбір артық айтқандық бола қоймайды. Ендігі кезекте «Қапшағай толқындары» деген атпен Қапшағай қалалық газеті шығады деп күтілуде.

Бүгінде Қапшағайдың ертеңінің жарқын екендігіне ешкім шек келтіре қоймайды. Бір кезде өндіріс орындарының көпшілігі тоқтап, үйлерінің бірқатары бос қалса, қаланың қазіргі тіршілігі ай санап емес, күн санап жанданып келеді. Бұл тірлікке қала тұрғындарының басым көпшілігі болып табылатын жастар белсене атсалысуда.

Ендеше, газет жазатын тақырып та, оп араласатын мәселе де жеткілікті. Соған орай жастар газетін тартымды да мазмұнды басылымға айналдыруды көздеп отырмыз.

Газетіміздің шағын ұжымы Баспасөз, теледидар және радио күнін тұңғыш рет атап өтейін деп отыр. Есте қалатын осынау жарқын мереке әріптестерімнің барлығына жақсылық әкелсе деймін.

Жолболды ЫСҚАҚ,
«Нұрлы өлке» газетінің бас редакторы.

ҚАПШАҒАЙ ҚАЛАСЫ.

ІӘРІПТЕС ӘРІПТЕС ТУРАЛЫ

"Іле таңының" шұғыласы

Іле – облыстағы байырғы аудандардың бірі. Оның жүріп өткен жолдарын білгіңіз келсе, «Іле таңы – Илийский зори» аудандық газетінің сарғайған беттерін ақтарсаңыз да біраз мағлұмат аларыңыз анық. Бұл басылым ұзақ жылдардан бері ауданмен бірге жасасып келеді. Атап айтар болсақ, биылғы жылдың соңына таман газеттің өз алдына шаңырақ көтергеніне 40 жыл болады екен. Бұл, әрине, аз уақыт емес.



Ілияс ЖҮНІС,
"Жетісу"

Осы жылдар ішінде газет қалай болғанда да қалыптасу, толысу кезеңдерін басынан кешірді. Бұл басылымда кәзір де көптеген дауазымды орындарда жұмыс істейтін журналистер қызмет істеді. Осы газетті алғаш ұйымдастырушы Б.Жұматаев ағамыздың еңбегі елеулі еді. Ол кісі дүниеден өткеннен кейінгі кезде ауылдастары оның есімін мәңгі есте қалдыру мақсатында аудан орталығына қарасты «Қуат» ықшам ауданынан бір көшені Бәкеңнің атымен атады. Сонау бір жылдары өзіміздің «Жетісу» газетінде тер төккен Е.Әсембеков, Ш. Қазығұлов сияқты республикаға танымал журналистер осы шағын ғана аудандық газеттің шекпенінен шыққандығын біреу білсе, біреу білмейді. Қазіргі кезде Еңбекшіқазақ аудандық газетінің бас редакторы болып жүрген Қ.Ахметжанов пен орыстілді «Алматы ақшамында» қызмет істеп жүрген Ә.Әнапиянов та осы газеттің түлектері еді. Осыдан біраз жылдар бұрын Р. Айдарбекова Өтеген батыр кентіне Қапшағай қаласынан қатынап істейтін. Газеттің ыстық-суығын бірдей көріп, әбден ысылған да еді. Сондықтан да болар, кейінгі он жылдықта аудандық басылым тізгінді Роза сынды айтулы журналистке зор сеніммен тапсырылған болатын. Бұл аманатты ол мейлінше адал атқарып келеді.

Бір кездері газеттің жалпы таралымы 3 мыңнан әрі аспайтын еді. Оның үстіне кәнігі журналистер жан-жаққа тарап кетті. Бір жылға тарта газет шықпай қалды. Қазіргі кездегі айтылып жүрген дағдарысты ұжым мүшелері 1992-1997 жылдары шынайы бастан кешкен болатын. Редакцияда небары төрт-ақ адам қалды. Қаржының тапшылығынан газет бірде шығып, бірде шықпай редакция ұжымын да, оқырманды да әуре-сарсаңға салғаны бар. Алайда осындай қиын кезеңде аудан әкімінің кәзіргі бірінші орынбасары Е.Тұрымбетов пен сол тұстағы аудан әкімінің орынбасары Ә.Исаев газет ұжымына мейлінше қол ұшын беруге, аудан айнасын калай да сақтап калуға күш салды. Оның өзі бекерге кеткен жоқ. Бертін келе редакциядағы жұмыс қалыпты ырғаққа түсті.



Аудандық «Іле таңы – Илийские зори» газетінің ұжымы кезекті дедемеде.

Қазір мұнда 15-ке тарта адам жұмыс істейді. Олардың бесеуі, бас редакторды қоса есептегенде шынайы шығармашылықпен айналысады. Ұзақ жылдардан бері Ә.Құрманбаева осы басылымда үзбей қалам тартып келе жатқан танымал журналистердің бірі. Соңғы жылдары Әдияның қатарына Р. Елешов, Ж. Дәуренбекова келіп қосылды. Ал Б. Қырбасова және С. Ботбаевалар болса газеттің байырғы қызметкері. Газет бұрын «Алматы-Болашақ» АҚ-сынан басылып келсе, жыл басынан бері бұл шаруа орайлы шешімін тапқандай. Олай болатын себебі осы Өтеген батыр кентінде «Зан газет» басылатын «Зан – Медиа корпорациясымен келісімшарт жасады. Мұның өзі газеттің кезінде оқырмандар қолына тиюіне еркеше қолайлы болды.

– Аудандық басылым соңғы кездері сегіз бет болып шығып жатыр, – дейді бас редактор Роза Маратқызы. – Дегенмен де, бұл да жеткіліксіз сияқты. Алдағы уақытта аптасына екі рет шығаруды көздеудеміз. Бірақ оның өзі тікелей қаржыға байланысты ғой.

Бас редактордың айтуынша, ай сайын ұстаздарға, құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне арналған арнайы беттер үздіксіз шығарылып тұрады. Ара-тұра әдебиет беті де беріледі. Ең бастысы, Елбасымыз Н. Назарбаевтың әр жылдардағы Қазақстан халқына жолдаған Жолдаулары кеңінен насихатталады. Оған аудандағы мектеп ұжымдары, дәрігерлер, кәсіпкерлер, ұйымдар мен мекемелердің басшылары жан-жақты қатысады. Газет бетінде күнделікті хабарошардан басқа талдау материалдары да жиі жарық көреді.

– Қазір қиындықтың бәрі артта қалды. Бізде шығармашылықпен жұмыс істеуге толық мүмкіндік бар, – деді әңгіме арасында бас редактор. – Сөз орайы келгенде газеттің мейлінше тартымды болып шығуына өзіндік үлесін қосып жүрген Г.Құрманбаеваға айрықша алғыс айтқым келеді. Ол 1997 жылдан бері дизайн жасаудан өз шеберлігін шыңдай түсті.

Бас редактордың айтқандарынан тағы бір аңғарғанымыз, аудандық басылым әртүрлі марапаттан да құралақан емес екен. Аудан және облыс әкімдерінің Құрмет грамоталарымен, Алғыс хаттармен бірнеше дүркін марапатталыпты. Бас редактордың өзі Тәуелсіздіктің және Астананың 10 жылдықтары медальдарының иегері, аудандық мәслихаттың депутаты, сондай-ақ, «Нұр Отан» халықтық демократиялық партиясы аудандық ұйымдағы депутаттар фракциясының жетекшісі. Роза Маратқызының өміріндегі тағы бір қуаныш, осыдан біраз уақыт бұрын өткен «Нұр Отан» халықтық демократияк партиясының кезектен тыс өткен XII съезіне делегат болып қатысып қайтты. Астанадан алған әсерлері де мол екен.

Бір сөзбен айтқанда, аудандық «Іле таңы – Илийские зори» аудандық газетінің ұжымы өздерінің төл мерекелерін лайықты табыстармен қарсы алып отырған жайы бар.

ТҰСАУКЕСЕР

Еңбекшіқазақ ауданының орталығына орналасқан «Есік гуманитарлық-экономикалық колледжі» мемлекеттік қазыналық кәсіпорны өздерінің «Білім өркені» атты газетін жарыққа шығарды. Негізінен бастауыш сынып мұғалімдерін даярлайтын білім ұясында 3,5 жылға дейінгі оқу мерзімі ішінде білім алатын оннан астам мамандық игерген 1200-ге жуық студент ұстаздық мамандыққа шыңдалса, оларға 60-тан астам тәжірибелі оқытушылар дәріс береді. Сондықтан да өз ішінде газет шығарулары заңды да.



Баянды ЗӘКІРОВ,
"Жетісу"

Жаңа газет жарыққа шықты

«Білім өркені» газетінің алғашқы нөмірінің жарыққа шыққан тұсаукесер салтанатына аудан және білім мекемелері басшылары, облыстық, аудандық газет журналистері шақырылып, олардың пікірлеріне ден қойылды. Газет редакторы, әдебиетші, ұстаз Нұр Есімбеков «Ғылым талпай мақтанба» айдарымен ай сайын шығып тұратын түрлі-түсті газеттің бірінші нөмірі колледж директоры Тоққожа Естеновтің ақ тілекті, баталы бас мақаласымен бастау алып, IV-курс студенті, «Жас қалам» әдебиет үйірмесінің мүшесі Айгерім Садықожаеваның «Арнауымен» әсерленген. Газет бетінде «Колледж өміріндегі жаңалықтар», «Әдістеме және шеберлік», «Ізденістер», «Педагогикалық тәжірибе», «Сырттайғы оқу бөлімінде», «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы», «Тағзым», тіпті «Спорт», «Өнерім – өмірім», «Дәрігерлік кеңес» айдарымен тәлімі мол танымдық материалдар жарияланып, мазмұнымен әрі көркемдігімен басылым ажарын аша түскен.

– «Білім өркенін» жарыққа шығарудағы басты мақсатымыз – колледждегі білім беру қызметінің әралуан бағыттарын саралау. Студенттер өмірі, оқу үрдісі, тәрбие жұмысы, кәсіптік, ғылыми-әдістемелік тәжірибелер, мәдени іс-шаралар сынды сан-салалы тіршіліктің елең еткізер жаңалықтарын көпшілік назарына ұсынып, жастар өміріндегі игі істер мен ізденістерді насихаттап отыру. Газеттің шығарушысы – оқытушылар мен студенттер және оның оқырмандары. «Білім өркенінің» әр санының қызықты да мазмұнды шығатынына, әр бетінен тек жақсыны көрсеткен мақалаға ғана емес, көкейкесті шешімін күткен сыни істі баяндайтын және ұстаздардың тәжірибелерін айшықтайтын, студенттердің шығармашылығының дамуына мұрындық болатын материалдардың да орын алып, ортадағы сүйікті басылымымызға айналарына сенімдіміз, – дейді колледж директоры Т. Естенов.

Біз де колледж ұжымындағы игі қуаныш – жаңа ақпараттық құрал – «Білім өркенінің» жарық көруімен құттықтап, сәттілік тілеймік. Басылым – білім өркенінің арқауына айналған.

ЕҢБЕКШІҚАЗАҚ АУДАНЫ.

ІЖОЙТАМШЫ

Әке рухымен сырласу

Әке, соңғы уақытта түсіме жиі кіретін болдың... Өмірде жоқ екеніңді ойласам, жаным құпазып, көңілімді қара бұлт бүркегендей күй кешемін... Сен кеткелі қанша көктем, күз өтті. Айналаның бәрі өзгерді. Сары балам деп еркелеткен кенжең тұрмыс құрып, ана атанды. Балаңнан да ыстық болған, сүйікті немерең – Досымбек ержетіп, ұлының бір жағына шығысуға жарады. Ал он саусағың болған балаларың өмір-өзенде жүзумен келеді. Бәрінен қиыны, жаным бататыны, анамның ауырғаны. Осы бір сәттерде жанында болсаң, сырқатынан айығып кетер ме еді, бәлкім... Әрқим өз күйбеңтіршілігімен жүрген уақытта өзіңнің шексіз мейірімің қажет-ақ. Бірақ, тағдырға не шара дерсіз? Бүгінде анамның солғын тартқан жүзіне қарап, өзіңді есіме аламын, әке! Аракідік «аналарыңды сыйлаңдар, көңіліне қаяу түспесін» деп айтып отыратын сөзің көңіл түкпірінде сақтаулы. Жылласам жұбатып, қуансам қуанышыма ортақтасатын сәттерді ойлап, қамығып жүрмін, әке...

Отбасындағы орның ойсырап тұр, әке! Қарлығаш болып ұшқанымды да көре алмай, өмірден ерте оздың сен! «Барлық балаларымдай, кенжем де құтты орнына қонса, арманым болмас еді» деп айтатын әкелік ақ тілегің қабыл болып, жар құшып, бала сүйдім. Енді міне, немерең: «Мама, сенің папаң қайда? Ол мен тумай өліп қалды ма?» дегенде, еріксіз көзіме жас тұнады. Сен өлсең де рухың біздің жанымызда екенін білемін.

Әке, студент кездерде жазған дүниелеріңді оқып, «қаламұның қарымы таусылмасын» деуші едің ғой. Сол сөзің жаныма жалау болып, журналистика әлемінде қанат қағып келемін... Адам жаны қашанда бір нәрсені іздейтіні анық. Жүректегі маздаған сағыныш отын ақ қағаздың бетіне түсіріп қана жаным тыныштаталындай... Мен сені сағынып жүрмін, әке!..



Сарби ӘЙТЕНОВА,
"Жетісу"

Естиміз дейміз...

Бәрімізде көз бар, көреміз. Құлақ бар, естиміз. Кейде, естіп тұрып, естіменген қалып танытамыз. Ал көзбен көріп тұрып, көрмегенсудің орны бір басқа. Дегенмен, көргеннен гөрі, естіп жататындар көп. Мың рет естігеннен, бір мәрте көзбен көрген артық дейді бір әйел бір әйелге. Өмір болған соң, бәрін де естисіз, көресіз. Тек соны жария қылып, дария етудің қажеті қанша?! Нұртөре Жүсіп «Естимісіз» атты дүниесінде былай депті: «Біз естиміз дейміз. Бәріміз... Ал бірақ, қоғамның жанайқайына, әлсіздің үніне, шарасыздың шырылына, дәрменсіздің дауысына құлақ түріп жүрміз бе?.. Сіз естимісіз өзі?!» Шындығында, біз осы не естіп, не қойып жүрміз...

●АЛЫСТАҒЫ АҒАЙЫН

КӘМІЛ СЕНЕМІН

Өмір болған соң, тіршілік-леріне орай қабылдаған, күшіне енетін заңнамалардың барлығы Ата Заңымызға сәйкестендірілген. Бұл – талап. Рас, өзгермейтін дүние жоқ.

Заманына қарай заңы шығып жатады. Кеңестік дәуірде бұғанамыз бекімей жатып, Шоқан Ата тағзым ұстадық. Құдайға тәубе, одан заман болғанымыз жоқ. Еңбегіміз жанды. Заман өзгерді. Еліміз ег-емендігін алып, Қазақстан Республикасы тәртіпул дүниеге Тәуелсіздігін паш етті. Мемлекетіміздің біртұтастығын қамтамасыз ету, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтарын сақтау, қорғау үшін Ата Заңымыз – Қазақстан Республикасының Конституциясын республикалық референдумда қабылдап, күшіне енгіздік. Осы Ата Заңымыздың 6-бабы 1-тармағында: «Қазақстан Республикасында мемлекеттік меншік пен жеке меншік танылады және бірдей қорғалады» деп анық, жазылған тұжырымға сүйеніп, кеңестік дәуірде өзіміз баққан бір отар қойды алғашында жалға, кейін жекеменшікке шығарып алып бастық.

Аталарымыз «Еңбек етсең емерсің» деп бекер айтпаған ғой. Уақыттан сынаспай еңбектендік. Бүлжерде айтайын дегенім, жалғыз мен ғана емес, жұздеген, тіпті мыңдаған қазақстандықтардың осы қалыпқа жетуіне Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың сіңірген еңбегі ерен. Бірде сәті түсіп жолыққанымда «Жекемен-шігіңіздегі бес жүз қойыңыздың бес мың басқа жеткізуге болма ма?» деген еді. Сол сөз маған алапат күш берді. Біле білсек, алдыға қойған мақсатымызға жетуімізге, қолға алған қандай да бір жұмысымыздың алынуына, жүргізгіміз Ата Заңымыз кепіл болды, бола да беретініне кәмілсенемін!

Жолсейіт МОЛДАСАНОВ, Еңбек Ері.

РАЙЫМБЕК АУДАНЫ



Аядыс ОМАРАҚЫН, ақын, тарихшы, ҚҚР Жазушылар одағының мүшесі.

Салттан аттап кетсек егер,
Жұрт қарғысы дерт боп өнер.
Атқарайық ата салтын,
Текин тапса текке берер.

ҚЫЗҒАНЫШ

Баскалардан алғанын көп не менің,
Неге ғана көп істем шекпеймін.
Ой, атаның артынан алдарқатып,
«Досқа бол жүргін талайға өкпелеідім.

Бір сұмдығын жасырып бүйіріне,
Қарап тұрсаң шертетін күйі мінеп.
Кей ағайын бір қотан сөз қылады,
Кіресіз көйлек ілсең де иінне.

Оныңына титтей де намыстанбай,
Өзі иілік көрсе жөн табыстан бай.
Қиғысы жоқ зәредей көрсе сағын,
Жылт етпенің көзінен қазбе қалмай.

Жалғыз сөзің көңілге жазпаса да,
Тас атады бас бағып, нақ тасада.
Үлкен айып тартқандай қиналадың,
Екі ешкінің бірі етті лақтаса да.

Ағайынын осындай дертін бар-ақ,
Ойланып қой өмірге еркін қарап.
«Ағайынның ағы осып келгенінше,
Ауыздастың тайы оқсын» дейтін қазақ.

ҚЫЗЫЛ БІЛ

Шертпізе егер бір әңгіме сұ жайлы,
Ыстық ағын бойымызда тұлайым.
Қайыра сап шаруаларын ынғайлы,
Барлық адам мәжіліспен тынданды.

Құбырымыз тоқтағанға екі күн,
Бөлдық сусыз жыл кешкендей жеті мың.
Кіріп кеткен сияқты бол қалдық-ау,
Айқара ашып ақыр заман есігін.

Кететін су болмаған соң сиырып,
Сыпырынды бұрыштарға үйілін.
Дем алдырмай қолқанды да қабалы,
Қапырық бір сасық ауа үйіріп.

Бір минутқа болмаса су шықпаған,
Кетеді екен бар тіршілік сусырап.
Су болмаса құба жонға құт қонып,
Жайлаудың емес екен тыл тұрақ.

Су – жан тамыр, су – айтылар жыр бұғын,
Шертте алады өзегі толған жырды кім?
Осы сүмең техниканы меңгеріп,
Қыр басына іздік өнер жұлдызын.

Айта алмаймыз, әрине, біз көпке сын,
Суға мол қол кейбіреулер тектесін.
Ей, адамзат, ақылдың бір айтарын,
Бір тамшы су сыраң болып кетпесін.



Қажыбек ТҰЯҚБАЙ, ақын, жазушы. ҚҚР Шығыс жазушылар қоғамының мүшесі.

Асан ата –абызым

Асан ата [illegible] ғасырдың
Майлысынан [illegible] тәсілінде,
«Майы шығ[illegible] жер мынау»
Деген екен[illegible] өзінде
Жақсының [illegible] сөзі алтын,
Сөзі алтын[illegible] өмеңгер.
Айналасы[illegible] бір тұған ер.
Мың жыл[illegible] ұлы бал,
Тұғі кілем[illegible] тұрған ел.
Майы шы[illegible] ғасырда
Береке[illegible] ғалған айдын көл.
Шалқып [illegible] асырып,
Сылтанат[illegible] ағесі.
Ақордан[illegible] өлеңгер.
Берктеге[illegible] ілгері,
Арулары[illegible] сері.
Жігіттер [illegible] ел бай,
Жер бойы[illegible] ғілді.
Көркіне [illegible] ғілді.
Міне, осы[illegible] ң негізбен,
Ешкімнен[illegible] дегізбен,
Ден умыт[illegible] ғылым шәртпен,
Ал көнекө[illegible] м тоқтар?!
Аспан құз[illegible] үспейді,
Егер түссе[illegible] ғілім бар.
Тік тұрғы[illegible]

Жетіөға

Майы шы[illegible] майының,
Тестігі ме[illegible] Жетіөға?
Шұғыласы[illegible] күнің,
Үлесі мол [illegible] ғінен.
Жанат жы[illegible] Жетіөба,
Жеті жұлдыз[illegible] секілді.
Аспан алы[illegible] ар айна,
Көргендейсіз[illegible] көркінді.
Бейне, әсем күй басы,
Күп әсемнің[illegible] мбірі.
Ана өлеңнің[illegible] өмгендей,
Дәнді алқаптың күн күлкі.
Қоңыр желге[illegible] айналып,
Көк бетегеге[illegible] қайқасын.
Тәрт түлігің[illegible] ің есің,
Ел көңілі жарқ[illegible]ын.

Табиғат

Әр мезгілдің өзінің,
Ақтаны бар, оты бар.
Күн сияқты көзінің,
Кейде түнек бұлты бар.

Тіршілікті бір ағыз,
Алма-кезек құлпырып,
Көшкен жұртпай тап-тақыр.
Баяғыдағы деп жүргенде,
Бақ та көйде алмасар.
Сорланғыңа деп білгенде,
Қайта дананың қауыпар.
Сүю деген немене,
Шын сезімді білмесең.
Күлу деген немене,
Күйінуді білмесең.
Жылап тұрып күлгеннен,
Қалайсың деп сұрама.
Күлып тұрып білмеуден,
Сұмдық бар ма сіра да.

Облыс орталығы Талдықорған қаласында тамыз айының 25-і мен қыркүйектің 22-сі аралығында Қазақстан халқы тілдерінің айлығы аясындағы дәстүрлі шаралар өтуде. Тіліміздің мәртебесін көтеру мақсатында облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқармасының ұйымдастыруымен жыл сайын іске асырылып жүрген байқаудың бірі «Тілдарын – 2009» олимпиадасы да өз мересіне жетті.

ТІЛДЕРДІҢ ҮШ ТҰҒЫРЛЫҒЫ



СУРЕТТЕ: қазылар алқасының төрағасы Орынбай ШӘЙКЕНОВ бас жүлдегер Гүлден ІЛҚЫЛАСБАЕВАНЫ құттықтауда.

Бейсенбі күні «Мемлекеттік тілді оқыту орталығында» өткен байқауға аудандар мен қалалардан тілге жүйрік өрендер қатысып, бақ сынасты. Байқаудың мақсаты – қазақ, орыс, ағылшын тілдерін жетік меңгерген қабілетті жастарды анықтап, оларға қолдау көрсетумен бірге, тілдік қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырып, көптілді меңгерген тұлғаны тәрбиелей отырып, қазақстандық патриотизмді нығайту болып саналады. Сонымен бірге тіл басқа болса да, тілегі бір, жүзі басқа болса да, жүрегі бір деп бауырымызға басқан өзге халықтардың мәдениеті мен тілін құрметтеу. «Ақыз, қара, сарымыз, тыссқанбыз бәрімізді» деп көптеген ұлттар мен ұлыстарға термиздей орын беріп қана қоймай, алшақ басып, асқақтап жүруіне мүмкіндік берген қазаққа ғана тән, даламызға ұқсас дархандығымыз болар. Тіл айлығы аясында өткен бұл шара «Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 20 жылдығына және «Тілдердің үш тұғырлылығы» мәдени жобасын іске асыру мақсатында жолға қойылған болатын. Байқауға аудандар мен қалалардан және облыстық мекемелерден 18 бен 30 жас аралығындағы 20 талапкер қатысты. Олар төрт тапсырма бойынша сынға түсті. Ең алдымен берілген бір тақырыпта шағын әңгіме жазса, келесі кезекте ұсынылған тақырыпқа «тұсау кесер» (жарнама) жасады, үшінші алған тақырыбы бойынша баспасөз мәслихатын өткізіп, төртінші тапсырмада мәтінге ілеспе аударма жасап, шеберліктерін көрсетті. Үш тұғырлы тіл дегенімізбен шараның негізгі мақсаты ана тіліміздің абыройын асқақтату болып табылады. Ұлттың болуы үшін бірінші шарт – тіл болуы. Ұлттың тіл кемі бастауы – ұлттың құрі бастағанын көрсетеді. Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмауға тиіс" деген ұлт болашағын, ұрпақ қамын ойлаған Алаш арыстарының бірі Мағжан Жұмабаевтың сөзіне сүйенетін болсақ, қазақ тілінің тағдыры «Мен қазақпын» деген кез келген адамның азаматтық парызы екені даусыз. Тіл мәселесі бұқаралық ақпарат құралдарында айғайлап айтылып, ашына жазылып жүрсе де кейбір намысы жоқ, рухы пәс қандастарымыздың селт етпей келе жатқандығы жаныңды ауыртады. Неге болса да сабырлықпен қарап, шүкіршік қылудың арқасында жеңіске жетіп келе жатқан ел емеспіз бе. Ана тіліміздің де таңы арайлап атар. Сол күнді жақындатуға мұрындық болып, табанды еңбек етіп келе жатқан облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқарма ұжымына алғыстан басқа айтарымыз жоқ. Осы өтіп отырған байқауды да жақсылықтың нышаны деп қабылдадық.

Сонымен, «Тілдарын – 2009» байқауының басқарманың бөлім бастығы Орынбай Шәйкенов төрағалық ететін ұйымдастыру комитеті оның құрамында М. Жұмабаев атындағы №19 мектеп-гимназиясының ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Әлия Тәттімбетова мен Абай атындағы орта мектептің орыс тілі пәнінің мұғалімі Элмира Рахымбаева сынды тіл мамандары қазылық жасады. Нәтижесінде жүзден жүйрек, мыңнан тұлпарлары озып шығып, жеңіс тұғырына көтерілді. Қорытындылай келгенде Орынбай Әубекіұлы кейбір тақырыптарда кетіңдеп қалғанымен, бәлтырға қарағанда деңгейінің жоғарылап, алға жылжыған бар екенін де жеткізді. Тереңаның айтуына қарағанда, қатысқан талапкерлердің көпшілігі қазақ тілінен ақсап, орыс тілін орап өтіп, ағылшын тілінен аяғын тұғанның айта келіп, қанша тілді білсең де аздық етпейтінін ескертіп, бірақ бірінші орында ана тілінің тұруы керек екендігін баса айтты. Жарыс қорытындысы бойынша барлық қатысушыларға басқармалық Алғыс хаты мен сыйлықтар табыс етілді. Алғашқы орын алған талғарлық Гүлзира Әжіхеноваға арнайы диплом мен санды фотоаппарат табыс етілсе, екінші орынды қанжығасына байлаған қапшағайлық Мақпал Байжановаға бейнекамера сыйланды. Талдықорғанның атының қатысқан Меруерт Тойлыбаева бірінші орынды иеленіп, түрлі-түсті теледидарға қол жеткізді. Ал бас жүлде алған төтенше жағдайлар департаментінің қызметкері Гүлден Ықласбаева арнайы дипломмен бірге компьютер және Астана қаласына өтетін республикалық байқауға жолдама алды.

Қазақстан халқы тілдерінің айлығы аясында өтетін шаралар осылай басталды. Алдағы күндері алдымызда бірнеше байқаулар өтпекші. Мұның бәрі ана тіліміздің абыройы үшін екені даусыз. Ұрпағымыздың рухы биік, ұлттық санасы оян болсын десек, тіл тағдырына немқұрайлы қарамайық, ағайын!

АЙ-ЗЕРЕ.

●БАЙҚАУ

БІЛІКТІЛІК БӘСЕКЕСІ

Жуырда Алматы облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқарманың ұйымдастырушылық жергілікті мекемелік органдарда, мемлекеттік ұйымдар мен кәсіпорындарда қызмет істейтін мамандар арасында «Мемлекеттік тілде іс жүргізу» облыстық байқауы болып өтті.

Қуат ҚАЙРАНБАЕВ, "Жетісу"



Мемлекеттік мекемелерде «Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы» ҚР Заңын, Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001–2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруды, мемлекеттік қызметкерлер арасында тіл саясатын насихаттауды, мамандардың іс жүргізудегі біліктілігі мен тәжірибесін сараптауды, олардың кәсіби біліктілігін арттыруды мақсат етіп бұл байқауға облыс аумағынан 27 адам қатысты.

Жылда өткізіліп жүрген «Үздік аудармашы» байқауын күрделендіріп, үміткерлерге қойылатын талаптарды арттыру үшін бұнғы байқау шарттарына қосымша тарулар енгізілгені белгілі болды. Осылайша үміткерлер: «Ресми құжаттарды аудару (күнделікті жұмыс барысында құжаттарды аудару сапасын анықтау); «Мемлекеттік тілде іс жүргізуге қатысты құжаттарды дайындау» (қаулы, бұйрық, өкім, шешім шығару); «Жаңа терминдер әлемі» (мемлекеттік терминологиялық комиссия бекіткен терминдерді білу деңгейі); «Қазақ сөзі» (әйгілі ғалымдар мен саяси қайраткерлердің мемлекеттік тілге қатысты сөздерін мысалға келтіру немесе Елбасы сөздерін, заңдар мен жарлықтарды, бағдарлама және т.б. қолдана отырып ұсыныс, ой-пікірін ортаға салу) номинацияларынан бойынша додаға түсті.

Әрине, байқауға қатысушылардың алдымен аудандарда іріктеуден өтіп, «жүлделі жұйрік» шыққандары облысқа жолдама алды дегеніміздің «мыңнан тұлпар» отағына да белгілі. Сол сияқты мемлекеттік қызметкерлер арасында әлі де болса шеберлігін шындай түсуі қажет ететін жандардың да бар екені белгілі болды. Ресми құжаттарды дозбарлап аудару, іс қағаздарын толтыруда емле қателері, сөздердің орнын ауыстырып алу, терминдердің мағынасын шатастыру сияқты олқылықтар кездесіп жатты. Сол сияқты тіл туралы әдемі ой өрбітіп, шиқ сөзімдерін өлеммен өрнектегендер де болды.

Байқау қорытындысы бойынша бас жүлдені (компьютер) Алматы облысы және Алматы қаласы бойынша «Жетісу» өңірлік коліктік бақылау инспекциясының зан және қадр жұмысы бөлімінің бастығы Гүзияра Сәкбелова жеңіп алды. Бірінші орынды (теледидар) Қаратал аудандық ішкі саясат бөлімінің бас маманы Гүлжамал Белкондинова иемденсе, екінші орын (сандық бейнекамера) Алматы облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының бас маманы Гүлнар Бітебековаңың қанжығасына байланды. Ал жүлделі үшінші орын (сандық фотоаппарат) Аксу ауданы әкімдігінің ұйымдастыру, мемлекеттік-құқықтық және кадрлармен жұмыс бөлімінің бастығы Самалбек Нұрахметовтың еншісіне тиген. Жеңімпаздар іс қағаздарымен жұмыс жасағанда аса қажетті сөздіктермен және арнайы дипломдармен марапатталды. Облыстық тілдерді дамыту басқармасының бастығы Ахмет Кендірбековұлы байқауға қатысушыларның бәрінде басқарма атынан «Алғыс хаттар» мен телефон аппараттарын табыс етті.

ТАЛДЫҚОРҒАН.

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Алматы облысының қаржы басқармасы коммуналдық мемлекеттік мекіштегі объектілерін сатып алу құқығынсыз мүліктік жалға (арендаға) беру бойынша тендер өткізеді.

Тендер 2009 жылғы **«16» қыркүйекте сағат 15.00-де өтеді.**

Өткізілетін орны: Талдықорған қаласы, Жансүгіров к., 111-үй, 401 бөл.

Тендерге қойылатын жайлар:

1. Еңбекшіқазақ ауданы «Қаражота ауылдық әкімшілік» ғимаратындағы жайды күнделікті қажетті тауарлар сату үшін пайдалануға.

Жалға берілетін алаңның мөлшері – 58,5 ш.м.

2 Еңбекшіқазақ ауданы Шелек ауылы «Ы. Алтынсарин атындағы орта мектеп» ғимаратындағы жайды, кәнсе заттарын сату үшін пайдалануға.

Жалға берілетін алаңның мөлшері- 6 ш.м.

3. Үйғыр ауданы, Шонқы ауылы «Аудандық әкімшілік» ғимаратындағы жай суретке түсіру қызметін көрсету үшін пайдалануға.

Жалға берілетін алаңның мөлшері- 20 ш.м.

4. Жамбыл ауданы, «Аудандық ауылшаруашылық бөлімі» ғимаратындағы жайды кәнсе заттарын сату және көшірме қызметін көрсету үшін пайдалануға .

Жалға берілетін алаңның мөлшері – 7 ш.м.

5. Жамбыл ауданы «Аудандық қаржы бөлімі» ғимаратындағы жай кәнсе заттарын сату және көшірме қызметін көрсету үшін пайдалануға.

Жалға берілетін алаңның мөлшері- 6 ш.м.

6. Іле ауданы, Өтеген батыр кенті, «Аудандық орталық ауруханасы» ғимаратындағы жайды «Талғар медициналық колледжін» орналастыру үшін пайдалануға.

Жалға берілетін алаңның мөлшері – 20 ш.м.

7. Қапшағай қаласы «Қалалық орталық ауруханасы» ғимаратындағы жайды «Талғар медициналық колледжін» орналастыру үшін пайдалануға.

Жалға берілетін алаңның мөлшері – 25 ш.м.

8. Қаратал ауданы, Үштөбе қаласы, «Оқу өндірістік-комбинаты» ғимаратындағы жайды «Өлеңдер қолдау орталығын» орналастыру үшін пайдалануға .

Жалға берілетін алаңның мөлшері – 12 ш.м.

9. Талдықорған қаласы «Қалалық емхана» ғимаратындағы жайды тіс емдеу қызметін көрсету үшін пайдалануға.

Жалға берілетін алаңның мөлшері –26 ш.м.

10. Панфилов ауданы «Көктал орта мектеп» ғимаратындағы жайды, кәнсе заттарын сату үшін пайдалануға.

Жалға берілетін алаңның мөлшері– 6,5 ш.м.

11. Панфилов ауданы «Өлиеағаш орта мектеп» ғимаратындағы жайды күнделікті қажетті тауарлар сату үшін пайдалануға.

Жалға берілетін алаңның мөлшері – 51,98 ш.м.

12. Панфилов ауданы «Ш.Уәліханов атындағы орта мектеп» №1 жатақхана ғимаратындағы жайды күнделікті қажетті тауарлар сату үшін пайдалануға.

Жалға берілетін алаңның мөлшері – 36 ш.м.

13. Панфилов ауданы «Ш.Уәліханов атындағы орта мектеп» №2 жатақхана ғимаратындағы жайды күнделікті қажетті тауарлар сату үшін пайдалануға.

Жалға берілетін алаңның мөлшері – 36 ш.м.

14. Панфилов ауданы «Жаркент қалалық, округ әкімшілігі» ғимаратындағы жайды «Жәрдем – А Акционерлік қоғамын» орналастыру үшін пайдалануға.

Жалға берілетін алаңның мөлшері – 20 ш.м.

15. Талғар ауданы «Аудандық орталық ауруханасы» ғимаратындағы жайды тіс емдеу қызметін көрсету үшін пайдалануға.

Жалға берілетін алаңның мөлшері – 12 ш.м.

16. Талғар ауданы «Түздыбастау ауылдық дәрігерлік амбулаториясы» ғимаратындағы жайды тіс емдеу қызметін көрсету үшін пайдалануға.

Жалға берілетін алаңның мөлшері – 20 ш.м.

17. Талғар ауданы «Бесағаш ауылдық дәрігерлік амбулаториясы» ғимаратындағы жайды тіс емдеу қызметін көрсету үшін пайдалануға.

Жалға берілетін алаңның мөлшері – 17,3 ш.м.

18. Талғар ауданы «Бесағаш ауылдық дәрігерлік амбулаториясы» ғимаратындағы жайды тіс емдеу қызметін көрсету үшін пайдалануға.

Жалға берілетін алаңның мөлшері – 10 ш.м.

19. Талғар ауданы «Қызыл Ту ауылдық дәрігерлік амбулаториясы» ғимаратындағы жайды тіс емдеу қызметін көрсету үшін пайдалануға.

Жалға берілетін алаңның мөлшері – 12 ш.м.

20. Талғар ауданы «Нұра ауылдық аурухана» ғимаратындағы жайды тіс емдеу қызметін көрсету үшін пайдалануға.

Жалға берілетін алаңның мөлшері – 12 ш.м.

21. Талғар ауданы «Белбұлақ ауылдық дәрігерлік амбулаториясы» ғимаратындағы жайды тіс емдеу қызметін көрсету үшін пайдалануға.

Жалға берілетін алаңның мөлшері – 12 ш.м.

22. Талғар ауданы «Белбұлақ ауылдық дәрігерлік амбулаториясы» ғимаратындағы жайды тіс емдеу қызметін көрсету үшін пайдалануға.

Жалға берілетін алаңның мөлшері – 18 ш.м.

23. Талғар ауданы «Түлғалар ауылдық дәрігерлік амбулаториясы» ғимаратындағы жайды тіс емдеу қызметін көрсету үшін пайдалануға.

Жалға берілетін алаңның мөлшері – 0 ш.м.

24. Талғар ауданы «Қызыл Қайрат ауылдық дәрігерлік амбулаториясы» ғимаратындағы жайды тіс емдеу қызметін көрсету үшін пайдалануға.

Жалға берілетін алаңның мөлшері – 20ш.м

25. Қапшағай қаласы «Қалалық ауруханасына» қарасты «Шеңгелді ауылдық дәрігерлік амбулаториясы» ғимаратындағы жайды тіс емдеу қызметін көрсету үшін пайдалануға.

Жалға берілетін алаңның мөлшері – 30 ш.м.

Тендер шарттары: жылына 1 шаршы метр үшін жоғарғы бағада жалға беру төлемін қамтамасыз ету, жайды нәтижелі пайдалану, инвестиция енгізу.

Бір жылға жалдық төлемнің бастапқы мөлшері:

– аудан орталығында орналасқан күнделікті қажетті тауарлар сату үшін – бір шаршы метрге 2260 теңге.

– жергілікті жерлерде орналасқан күнделікті қажетті тауарлар сату үшін – бір шаршы метрге 1130 теңге.

– аудан орталығындағы орналасқан, кәнсе заттарын сату және көшірме қызметі үшін – бір шаршы метрге 753,4 теңге.

– жергілікті жерлерде орналасқан, кәнсе заттарын сату үшін – бір шаршы метрге 376,7 теңге.

– аудан орталығында орналасқан оқу орнын үшін – 1 шаршы метрге 602,7 теңге;

– Талдықорған қаласында орналасқан тіс емдеу қызметін көрсету үшін – 1 шаршы метрге 904,1 теңге;

– аудан орталығында орналасқан тіс емдеу қызметін көрсету үшін – 1 шаршы метрге 602,7 теңге;

– жергілікті жерлерде орналасқан тіс емдеу қызметін көрсету үшін – 1 шаршы метрге 301,3 теңге;

– аудан орталығында орналасқан қорғамдық ұйымдарын орналастыру үшін – 1 шаршы метрге 602,7 теңге.

– Жалға беру мерзімі бір жылдан екі жылға дейін.

Тендерге қатысуғы ретінде тіркелу үшін мына құжаттарды ұсыну керек:

– тендерге қатысу үшін өтінім;

– тендер шарттарына сәйкес объектіні пайдалану туралы ұсыныстар (бизнес-жоспар);

– заңды тұлғалар – құрылтай құжаттары (нотариалдық кәнседе растаған) көшірмесін, олардың өкілдерінің уәкілдігін растайтын құжаттар;

– жеке тұлғалар – тапжық немесе жеке басын куәландыратын басқа да құжаттар көшірмесі;

Текелі қаласы әкімінің орынбасары Геннадий Савиновтың сөз ыңғайынан да өз қаласына деген мақтанышты аңғаргандаймыз. Дінмұхамед Қонаев есімімен аталатын, Қазақстандағы ең ұзын көше осы Текеліде көрінеді. Гиннестің рекордтар кітабына кірген оның ұзындығы 34 шақырым дейді. Бұған қоса Текелі Медеумен иықтасып, теңіз деңгейінен мың метрден астам жоғарыда жатыр.

Текеліде болған жер сілкінісінде көптеген тұрғын үйлер мен гимараттар зардап шекті. Облыс әкімдігінің қамқорлығымен зілзала салдарлары жойылып, қалпына келтірілді. Үйлері қирап, 30 отбасына баспана берілпті. Журналистер бұл отбасылармен де кездесіп, жай-күйлерімен танысты. Валентина Ауғанбаева, Владимир Бунчук, тағы басқа ардагерлердің осы орайда Елбасына айтар алғыстары шексіз. Зілзала кезінде зақымданған жергілікті карттар үйіне де бас сұқтық. Мұндағы Барыс Әділбайұлы, Мәжен, Бидахмет, Шаймерден деген ақсақалдардың қолынан бір-бір дастарқандай "Егемен Қазақстан" газетін көргенде, ақсақалдар "Егемен" жайында аталы әңгіме толғағанда көдімгідей көңіліміз елжіреп кетті. Карттар үйінде 310 адам тұрады. Соның 56-сы қазақ кейуаналары.







Көпшілігі-ақ түрмыстарына, жасалған қамқорлыққа риза сыңайда. Дегенмен, осы бір шетін жайды біздің "Егемен" аз жазып жүрген жоқ. Валентина Павловна Стиральцева зілзаладан кейін жазған өлеңін оқып берді. Соның бір-екі шумағын қазақшаласақ мынадай:

Соқты бізді кенеттен
Жеті балдық сілкініс.
Қабырғалар жарылып,
Кетіп қалды сұрқымыз.
Әкімдікке мың алғыс,
Көмектесті тезінен.
Көрдік сонда мейірім
Адамдардың көзінен.
Баспанамыз жайланды,
Тыныштық кірді көңілге.
Зілзаланың сол түнін,
Ұмытпаспын өмірде.

Бұдан кейінгі жүздесулер қаланың №1 орта мектебінде, балалар мен жасөспірімдер спорт сарайында, Текелі шипажайында жалғасты. Осы жерлердің бәрінде өркендеп жатқан бақытты да шат өмірдің тынысы сезілді. Сонымен бірге, "Егеменге" деген ел ықыласы, ілтипаты көңілді баурай тодықындағандай болды.

Ақындар мен батырлар мекенінде

"Егемен Қазақстан" газетінің Алматы облысындағы күндері ертеңінде Жамбыл ауданына алғашқы болып "Қазақ баспасөзінің тізгінделген көліктер керуенімен" келесі күн ақындар мен батырлар елі атанған ауданға қарай бағыт алдық. Жуырда ғана 80 жылдығын атап өтіп, той дүбірі әлі басылып үлгермеген, қойнауы ырысқа толы қызырлы өлкенің әкімі Махаббат Бигелдиев бастаған ауданның атқамінер азаматтары басылым қызметкерлерін ауданға кіре беріс жерден-ақ қарсы алып, "Егемен Қазақстан" газетінің күндерін жалғастырып жіберді.

Сонау 1928 жылы Қастек ауданы болып құрылып, араға 10 жыл салып, ұлы ақын Жамбыл Жабаевтың 75 жылдық күрметіне Жамбыл ауданы болып өзгертілген өлеңді өлкенің тарихы терең. Сол сияқты Жетісу жерінің ғажайып пірі шұшпағына "Егемен" де бөтен емес. Түгін тіртсаң майы шығатын мекеннің бүкіл қақсылығына жаршы, жетістіктеріне қарнамашы болып келе жатқан газетіміздің мәйекті сөзін қастерлейтін бір қауым оқырманы осы ауданда.

Сондықтан да ұлы Абай елінен бастау алған "Егемен Қазақстанның" күндерінің Жамбыл баба жерінде жалғасын табуы да қарасымды. Тоқсан дейтін торқалы жасқа келген басылымның жүз жасаған баба басына келіп тәу етіп, игі дәстүрден аттамай, киелі жердің батасын алуға асығуын ел ақсақалдары да күп көргенінен, ақ жаулықты әжелер мен күлпарандап алдымыздан гүл алып жүгірген жеткіншектердің жүзінен аңғардық.

Ақындарын былай қойғанда, "туған жердің әр сүйемін білектің күші, найзаның ұшымен қорғаған" дейтін, Қарасай мен Наурызбай, Қастек пен Қараш, Сұраншы мен Сауық, Байсейіт пен Медетбек, Сыпатай мен Сәмен батырдың сүйегі жатқан жер той бұл.

Бір ғана Жамбыл ауданының өзінен 100-ге тарта журналист шыққан, солардың ішінде қазақ баспасөзінің дамуында өзіндік қолтаңбалары бар, күн сайын дердік жарық көретін "Егеменнің" қара қазанында қайнап келе жатқан Жұмагүл Солты, Күлзейнеп Сәдірқызының есімдерін мақтанышпен көретін ауданның "Азаматына қарап ауылын таны" дейтіндей басқа да салаларда өрелі тұлғалары жеткілікті. Жолы жарқын, жүзі айқын елдің әлеуметтік тұрмысы да жақсы, экономикалық табыстары да үлгерлеген.

Бұл туралы аудан басшысы Махаббат Бигелдиев баяндап: "Аудан өзінің торқалы тойын үлкен жетістікпен қарсы алды. Құрылғалы бері ауданның халқы ғана емес, экономикасы да өсті. Осы 3-4 жылда бір ғана фабрикаға қарап отырған ауданның қазір 5-6 зауыты жұмыс істеп тұр. Бүгінде Жамбыл ауданының 124 мыңның үстінде тұрғыны бар. 61 елді мекеннен, 23 бір кенттік округтен тұратын ауданда 30 шақты ұлт пен ұлыс тату-тәтті күн кешуде. "Егемен Қазақстанның" орны қазақ басылымдарының ішінде қандай болса, Жамбыл ауданы да облысымыздың қара шаңырағы іспеттес", деді.

Аудан алғашында аграрлы бағыт ұстанып, ауыл шаруашылығы саласына негізделіп құрылған. Десек те, қазіргі кезде өнеркәсіп саласының дамуы да қарқын алыпты. Бұған дейін өнеркәсіпте Қаргалы шұға комбинаты мен жол құрылысы материалдарын өндіретін зауыт жұмыс істеп келсе, ендігі жерде Таңбалытастан жаңа цемент зауыты, Үңгіртастан пластикалық құбыр зауыты, Қаргалыдан кондитер фабрикасы, Самсыдан қазақ сусындарын шығаратын өндіріс орны, Қопадан гранит пен мәрмәр тас шығаратын зауыт, оған қоса бірқатар қайта өңдеу цехтары іске қосылған.

Сонымен бірге, ауданда өткен жылы 40 арендалық, 2 коммуналдық тұрғын үй салынып, пайдалануға берілген, үстіміздегі жылы тағы да 2 арендалық үйдің құрылысы жүргізіліп жатыр екен. Жыл басынан бері 5671 шаршы метрлік жеке тұрғын үйлер іске қосылыпты. Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау саласы бойынша өкілетті органға жұмыссыз ретінде тіркелген 1149 адам жұмыспен қамту бөлімі арқылы ауданның әртүрлі кәсіпорындарына, мекемелеріне жұмысқа орналастырылған.

Аудан тіршілігінде оң көріністер ішінен мына жәйтті атап өтпеуге болмайды. Өткен жылы аудан орталығы Ұзынағаш ауылына облыс әкімі Серік Үмбетовтің қолдауымен табиғи газ құбыры енгізілді. Бұл туралы сол кезде газетіміз келістіріп тұрып жазған. Биыл да Ұзынағаш ауылындағы мекемелер гимараттарын газбен жылытуды қамтамасыз етуге 85 миллион теңге қаражат бөлініпті. Аудан көлемінде атқарылып жатқан мұндай игі істерді түгендеу дәл осы мақаланың міндетіне кірмейді. Ал "Егемен Қазақстанның" Жамбыл баба жеріндегі күндеріне қайта оралсақ, оның да айта жүрерліктей әсері мен тағылымы жеткілікті болды.

Аудан басшылығымен кездесуден кейін бірден Жамбыл бабамыз жатқан кесенеге келдік. Оң жағына Нүргиса Тілендиевтей сирек талант иесін алып жатқан аруақты ақынның басында мұсылмандық жолымен Құран бағыштатып, басылым атынан құрбандық шалынды.

— Мен — Әлімқұл, Жамбылдың немересі,

Өлеңнің ұшан-теңіз кенересі.

Жәкеміз бізге мирас сөз қалдырған,

Айтсын деп немере мен шөбересі, — деп жырлайтын, бабамыздың тұяғы — Әлімқұл Жамбылов та осында жүр екен. Жақсының көзі, асылдың тұяғы да талантқа кенде тумай, Қазақстанның халық ақыны, еліміздің еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, "Алматы облысының күрметті азаматы" атанғанын ауылы жақсы білсе де, алыстағы алты алаш қым-қуат тіршілікте қаперінде сақтай бермес.

Осы Әлімқұл атамыз бастаған қариялар мен ақ самайлы әжелер болып, Жамбыл бабамыздың мұражайына бет түзедік. Ел газетінің салиқалы сөзін, гибратты әңгімесін тыңдау үшін келген халықтың алдында "Егемен Қазақстан" газетінің басшысы Сауытбек Абдрахманов сөз сөйледі.

"Біздің ел пайғамбарлар мен шадиярлар тудырмады демесең, адамның небір бұлбұлы мен дүлдүлін тудырған ел" дейтін Медетбек батырдың мәйекті сөзі бар. Салмақты сөздің қадірін білетін осындай елдің ортасында газет басшысы Сауытбек Абдрахманов кешегі қатпар-қатпар тарихтың қойнауындағы, осы елдің өзі де есте сақтай қоймаған Жамбыл баба туралы еміс-еміс қызықты естеліктерді еске түсіріп, тереңнен сыр сыртпақтағаны үлкендердің көңілінен шығып отырғаны аңғардық. Аты алысқа тараған ауданның арабасо дарындары бүкіл қазаққа ортақ екендігін сезіндік. Қызыл сөзге ұрымбай, көпті шаршатпай, қысқа да болса мәйекті болып ақсақалдарды да ата-баба жолымен ақ батасын беріп жатты. Облыс әкімі Серік Үмбетовтің: "Бата алған адамның басының сайда қалғанын көрмедім", дегенін естіп едік. Сол шын ықыласпен берілген батаның сауабы себезгілеп тұрғандай сезімді бастан өткердік.

— Әлемге аты жайылған,
Аққуды әнмен қайырған.
Жебеп жүрген киесі,
Ақпа жырдың иесі,
Көк жайлаудың төресі,

Сүйінбай, Жамбыл жері осы, — деп Орысбай Әбділдаұлы жырлағандай, бұл өңірде ән айтпайтын, өлең шығармайтын адам кемде-кем көрінді бізге. Газетімізге арналып шығарылған өлеңдер кезегімен оқылып жатты.

Атамның көзіндей боп көрінесің,
Салиқалы сөзіндей сезілесің...
90 жас құтты болсын, ата газет —
Елімнің елдігінің шежіресі!

Сандығына сыр салып саналының,
Сүйіншілеп, гүлденіп, жаңаруын,
"Жарғақ құлақ жастыққа
тимей тұрып",
Жеткіздің елорданың жаңалығын.

Көдесіне көсемсөз жарадың мың,
Дау тұғызбас Даналық, Даралығың!
Алтын көпір өзіңсің жалғап тұрған
Елбасы мен Елінің аралығын!

Семсер сөз — суырғаның,
шыңдағаның.
Жылдардың жылнамасы —
үлпарағым!..
Өресі биік елдің ұрпағы едім,
Өлеңмен өніріне гүл қададым!..

Тұғырыңнан таймастай тұрған ерек,
Ұлықсың — ұғымтал қыз, ұлға зерек.
"Егемен Қазақстан", жасай бергін,

Елінді егеменді нұрға бөлеп! — деп өлеңдетті Сұраншы батыр ауылының тұрғыны Нәзипа Алдабергенқызы. Жамбыл ақынның жерінде жыршылық, термешілік дәстүрді жалғастыратын жаңа дарындар да туып жатыр екен. 15 жастағы Данияр Рахымбаев арқаланып, "Менің пірім — Сүйінбай" деп төпелетіп, Жамбыл бабамыздың жастық шағы тіріліп келгендей, тамаша күй кештірді.

Төпелеп тұрған жауында жыр көмбесі сияқты елден "Егеменге" деген риясыз ыстық ықыласына бөленіп, газетімізге ұзақ жылдар басшылық жасаған бекзат болмысты Балғабек Қыдырбекұлының атындағы ауылына аттанып бара жаттық. Бүкіл саналы ғұмырын газеттің тіршілігіне арнаған журналист-жазушы, қоғам және мемлекет қайраткерінің жұырда ғана туған ауылында ескерткіш ашылып, оны "Егемен Қазақстан" тиісті дәрежесінде насихаттаған. Алайда, Жамбыл бабаның басында, іргесінде ғана "Егемен Қазақстанның" күндері өтіп жатқанын газеттің байырғы басшысы сезіп, пәнидегі тірлікке бақидан тілеулес болып жатқанда, арнайы ат басын бұрмай, асыл ағa рухына тағзым етпей кету жөнсіз болар еді. Бұл да бір біткен іс болды.

Ұлы Абай елінен басталып, ұлы Жамбыл жерінде жалғасқан "Егемен Қазақстан" газетінің күндері қараша айының соңында ұлы Махамбеттің кіндік қаны тамған топырақта жалғасады.

Алматы облысы.

Суреттерді түсіргендер
Берсінбек СӘРСЕНОВ,
Жеңіс ЫСҚАБАЙ.

Құттықтаймыз!

ЖУРНАЛИСТ ӘДІЛБЕКТІҢ ЖАҢА ҚЫЗМЕТІ

Қазақ журналистикасында өзіндік қолтаңбасы бар жерлесіміз Әділбек Қаба Қазақстан Республикасы Бас прокуроры аппаратының Тіл саясаты және ақпарат басқармасының бастығы болып тағайындалды.

Әділбек Қаба ұлтымызға белгілі ақын-жазушылар мен мемлекет қайраткерлері: Бердібек Соқпақбаев, Мұқағали Мақатаев, Сағат Әшімбаев, Бақтожа Мұқаи, Еркін Ібітанов сынды талантты тұлғаларды тарту еткен аспантаулар аясындағы Райымбек ауданында дүниеге келген. Бала жастан әдебиетті сүйіп оқыған болашақ журналист, жазушы әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің журналистика факультетін бітірген соң «Жетісу», алты Алашқа таралып дүркіреп тұрған республикалық басылым – «Жас Алаш» (бұрынғы «Лениншіл жас») газеті тілшілік қызметке қабылданып, еңбек жолын бастайды. Газетте тілші, бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы болған жылдарында жастар басылымы беделінің артуына, көпшілік осыға күтетін газетке айналуына үлкен еңбек сіңірді. Әділбектің қолынан шыққан әлеуметтік, танымдық, философиялық және проблемалық мәселелерге құрылған мақалаларды кезіқарақты оқырман асыға күтетін. Сондай-ақ, «Жас Алаш» газеті ішіндегі ол негізін қалаған «Мыңнан бір мезет» атты қосымшаның да мыңдаған оқырманы қалыптасты. Қаламы жүйрік, ойы ұшқыр журналист басылымда жауапты хатшы, бас редактордың орынбасары лауазымдарына дейін өсіп,



мәртебелі міндеттерді абыроймен атқарды. Ақпарат әлеміндегі өзінің тәжірбиесі мен ұйымдастырушылық қабілетін биыл шыққанына бес жыл толған «Айқын» газетінің негізін қалауға тиімділікпен жұмсады. Бес жыл бойы осы газет Бас редакторының бірінші орынбасары бола жүріп, басылымның оқырман талғамынан шығуына, ел көлемінде танымал болуына өлшеусіз еңбек сіңірді. Оның журналистикадағы еңбегі лайықты бағасын алып, бірқатар марапатқа ие болды. Қаламы ұшқыр, ойы бай, танымдық және философиялық дүниеге еркін қалам тербейтін Әділбек Қаба жазушылық шеберлігімен де елге танымал. Бірнеше кітабы жарық көрген.

Әріптесіміздің жаңа қызметіне де табыс тілейміз.

«ЖЕТІСУЛЫҚ» ӘРІПТЕСТЕРІ.



Панфилов ауданы Жаркент қаласының тұрғындары, аскер таудай әкеміз, қамқор атамыз **ЫСҚАҚОВ Ергали Мүсілімұлы** мен аяулы анамыз **КЕЛДІБЕКОВА Мейірханды** шаңырақ көтергендеріне 50 жыл толған «Алтын тойларымен» шын жүректен құттықтаймыз!

Баянды болып алда күн,
Ұрпақтың көрдің бар қамын.
Бізбенен бірге болыңдар,
Бақытының тағып бал дәмін.

Жүріңіздер аман-сау,
Тап болмасын тосын жай.
Қуанышқа алда да
Бола берсін осыңдай.

Бізге осындай «Алтын той»,
Ғаұмыр тойды тойлатып.
Келіңіздер жүз жасқа,
Шеберені ойлатып.

ҚҰТТЫҚТАУШЫЛАР: балалары, немерелері.



Жамбыл ауданы Б.Қыдырбекұлы ауылының тұрғыны **ТАУАСАРОВА Нұргайша Әбдуәлиқызын** мерекелі 60 жасқа толған мерейтойымен құттықтаймыз. Үлкенге кіші болып, ілтипат көрсеткен, кішілерге қамқоршы ана бола білген, соның арқасында туған-туыстарына «Нәня» атанған алып жүректі баурымыз, елге сыйлы, ауыл ағасы бола білген жан.

Жаз күнді жастық шақты түріпті күз,
Самайға ақ күміс боп кіріп із.
Ана боп, елге сыйлы жиен болып,
Сыйласын жүрейікші тірлікте біз,

– деп шын жүректен деніңізге саулық, отбасыңызға амандық тілеп құттықтаушылар:

Сейітқәрім, Қайыпжамал.

«Туады, туады әлі нағыз ақын»

Мұқағали оқуларының облыстық байқауы өтті

Соңғы жылдары Алматы облыстық тілдерді дамыту басқармасының ұйымдастыруымен қазақ поэзиясына өзіндік қолтаңбасын қалдырып, алты Алашқа аты жеткен Мұқағали шығармаларын насихаттауды мақсат еткен Мұқағали оқулары жыл сайын дәстүрлі түрде өткізіліп келеді. Байқау биылда жоғары деңгейде ұйымдастырылды.



Қажет АНДАС, "Жетісу"

Аталмыш байқау аптаның бейсенбі күні І. Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайында өтті. Оған облыс аумағындағы елді мекендерден келген 18-29 жас аралығындағы 21 үміткер қатысты. Мақсаты – 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаны қолдау, мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту және дамыту, жас ұрпақты әдеби шеберлікке баулу арқылы Мұқағали шығармашылығын насихаттау.

Төрт бөлімнен тұратын байқаудың алғашқы кезеңінде үміткерлер ақынға арнаған өз өлеңдерін оқыды, содан кейін «Ана тілім – алтын бесігім» тақырыбында жазған бір туындысын көпшілік назарына ұсынды. Үшінші кезеңде ақынның өлеңіне жазылған ән немесе терме орындалды. Соңында «Жыр қоржынындағы» Мұқағалидың 16 өлеңінің біреуін таңдап, жатқа оқып берді.

Биылғы байқау алдыңғы жылдармен салыстырғанда жоғары деңгейде өткені байқалды. Қатысушылардың шеберлігі мен оқу мәнері арта түскен, соған сай, әділқазылар да жақынына тартпай, жақсы қырынан баға берді. Байқаудың қортындысы бойынша көрерменнің көңілінен шыққан Қарасай ауданынан келген Сәбит Нұрақов бас жүлдені иеленсе, бірінші орын Панфилов ауданының үміткері Дінмұхамед Нұршеков, екінші орын Ақсу ауданынан келген Арда Елубаева, үшінші орын Қаратал ауданының түлегі Екатерина Рахымберлиновага берілді. Жеңімпаздарды облыстық тілдерді дамыту басқармасының басшысы Ахмет Кендірбекұлы марапаттап, оларға басқарма атынан Алғыс хат және бағалы сыйлықтар тапсырды.

Талдықорған қаласындағы Ілияс Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайы мақсаткерлік іс-шаралардан, белгілі әншілер мен сазгерлердің концерттік кештерінен босап емес. Осындай іс-шараның бірі жуырда болып өткен «Көркемсөз оқушылардың облыстық байқауы» – мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту, тіл мәдениетін көтеру, көркем әдебиетті насихаттау, ел ішінен талапты, талантты жастарды іздеп табу мақсатында жүзеге асырылды.

Шеберлік сайысы

Ришад ТҰРҒАНБАЕВ, «Жетісу»

Байқаудың бірінші кезеңі аудандар мен қалаларда өткізіліп, талапкерлер іріктеуден өткен болатын. Аталған кезеңде облыстық байқауға 18 үміткер қатысты. Олар байқау шарттарына сәйкес прозалық, лирикалық, поэзиялық шығармалардан үзінді оқиды. Туындыларды шығарма мазмұнына сай мәнерлеп оқу тұрғысынан, сахналық бейімділігінен, дыбыс ырғағынан, киім үлгісінен де көзге түскендер бар.


Үміткер үкілеген, талант ұшқыны сәулеленген, актерлік қабілеті көрініс тапқан талапкерге қуана қол соғылды. Сөз айқындығы, қимыл құбылқы, шығарма мәтініндегі мазмұнды аша білуге бейімділік көрініс тапты. Сарынды сөз саптау, керек жерінде ойнақы мінез көрсету, не болмаса қапалана, қайғыра, қамыға оқи шертушілік тыңдаушыларын ықыласын тудырды. Нәтижесінде, бас жүлдені ақсулық Жасұлан Тұлымбеков, бірінші бәйгені қаратолдық Арайлым Жақсыбаева, екінші орынды талдықорғандық Ажар Ерболғанова, үшінші жүлдені көрбұлақтық Қарлығаш Атабекова жеңіп алды. Жүлдегерлерге және барлық қатысушыларға тиісінше бағалы сыйлықтар табыс етілді.



Өмір неткен аяулы,
Жел желпіген бұрымын.
Болашағы баянды,
Еркін елдің қызымын.

Үлкен адам боламын,
Тәнір жазса, ылайым.
Ал, қазірше баламын,
Ойнап, ойнап алайын.

ФОТОЭТЮДТІ ТҮСІРГЕН А.ҚАЖЕКЕ



Тірілместей боп едім

Ұлы жүз Төле би мен Кіші жүз Әйтеке би бірігіп Орта жүзден Қаска көл (сірә, Балқаш болса керек) деген көлді даулайды, бірақ Орта жүздің бас биі Орманбет оларға:

Екі би, айтқан сөзің жарасады,
Енші ге әркімдер-ақ таласады,
Қаска көл Орта жүздің көлі еді ғой,
Айтқандарың қиянатқа жанасады, –

деп көлді бермейді. Кейін Орманбеттің анасы көндіріп, көлді үш жүздің рулары бірге жайлайтын болып келіседі. Сонда Төле би Орманбеттің шешесіне разы болып былай депті:

Қаска келді алам деп келіп едім,
Орманбет бермеген соң өліп едім.
Жетпіс жаста айтқаным жерде қалып,
Мәңгіге тірілместей болып едім...

СӨЗІ МЕН ІСІ ТҮЗУ

Қаз дауысты Қазыбектің әкесі Келдібек би қыз таңдап, үйленбей біраз жүрсе керек. Сонда ойламаған жерде бір жиында аяғы ақсақ, көзі қыпы жас қызға көңілі ауып, құда түсіп, айттырып алады. Әке-шешесі баласының айтқанына келіскенімен, аса қолдай қоймайды. Тіпті әкесі: «Таңдаған тазға жолығадының» кебі келді. Сөз байласқан бұрынғы құдаларды бетіне қалай қараймыз?» – деп айтып та тастапты.

Қайнағын шекем сүттің алдым қатқан,
Ағы ақсақ болғанымен, ақылы артық.
Көзі қыпы, сөзі мен ісі түзу,
Сайлаңкөзден өз бойым кетті бағлан.

– деп жауап қайырады Келдібек би.

– Жетер. Енді көңілім орнықты. Табашыға да жауап табылар , – дейді әкесі.

Келдібектің замандастары әзілдескенде осыны алдына тартып, қағытып жүріпті. Бірде олар Келдібектің өз үйінде отырып, соқтыға берген екен. Сонда жас келіншек шапылдап беттен алмай-ақ сыпайылап қана:

Көзің қыпы, жасырмайын, ақсақтың,
Келдекеңнен сондай шату жасқаған.
Тапылақтың өз кісінді таныпты.
Төрт бөшпанды білдейтін ұ
таппақтың!

депті.

Айтқанындай соның артынан Қаз дауысты Қазыбек дүниеге келген екен.

ЕР ҚАДІРІН НЕ БІЛСІН?

Досбол Наурызбайды ертіп атақты ұста Тұрмамбетке барады. Тұрмамбет ұста Досекеннің ең бір сыйлас, қадір тұтар кісісі болса керек, екеуі жылап көріседі. Осыны көрген Наурызбай «бұл екеуі баяғыда өлген бабаларын жоқтап тұр-ау» деп қасындағы серіктерін күлдіреді. Бұл мысқылшыл Наурызбайдың үлкен кісілердің әйелше жылағандарын ерсі көріп, екеуінің де көсе екендерін қағытқаны екен.

Содан ұста конағын үйге бастайды. Үйге еніп, бәйбішемен амандасып, жайғасқаннан кейін Досекең манағы Наурызбай сөзін еске алып:

– Бөрілі таудан аспаған,
Бедеуге қамшы баспаған.
Алысқа сапар шекпеген,
Ат қадірін не білсін.
Жақсы тағам ішпеген,
Жайлы орынға жатпаған,
Жат қадірін не білсін.
Қыста соғым соймаған,
Қозы етіне тоймаған,
Ас қадірін не білсін.
Атасы би болмаған.
Ер қадірін не білсін.
Алыстан шетке шықпаған,
Жер қадірін не білсін.

– Сен ағайын-туған ішінде, елдің еркесі болдың, мен сыртта жүріп, жәбір-жапа көп көрген соң, соны ағама айтып мұнымды шағып жатқаным ғой, Наурызбайжан, – депті. Наурызбай жеңіл әзіліне ұялып, катты қысылған екен.

ҰЯЛҒАН ТЕК ТҰРМАС

Бір кісінің баласы алыс сапарға кетіп, көпке дейін хабар болмаған соң бір балгерге құмалақ салдырыпты. Құмалақты шашып:

– Балаң жуық арада келмейді. Жадап-жүдеп жүр екен, – дейді.

Сол кезде жолаушы кеткен бала сәлем беріп, үйге кіріп келеді.

– Балгер-ау, айтқаның келмей қалды ғой, – деп күліпті үйдегілер. «Ұялған тек тұрмас» дегендей балгер міңгірлей жер шұқып:

– Бір құмалағым кем екен... – деп төңірегін сипалай беріпті.

БЕКЕР АЙТТЫ ДЕП ЖҮРМЕ

Алтай Жанботаның соғым кезінде аттандырған баукеспе барымташылары алыстан жылқы әкеле жатып, жолшыбай Қаңжығалы ауылдарының төрт үйір қысырағын қоса айдап кетеді. Жаманат жерде жата ма, құғыншылар із суытпай деп басыпты.

Жортуылдал байып, оңай олжаға құныгып тұрған қанды қол Жанбота маңына жуытпай.

– Елінің басты адамы келсін. Қатеден ауысқан болса, малының барының көзін, жоғының төлеуін береміз, – деп қайтарады жоқтаушыларды.

Арада ай өтпей Қаңжығалыдан Бөгенбай батырдың немересі Балпан би Алтайға даугер болып кетеді. Жанбота – үрт мінезді, батырсымақ, мақтаншақ, даукес бай екен. Даугермен беттескенде-ақ:

– Менің елім еліңнен, ерім еріңнен, жерім жеріңнен, белім беліңнен, көлім көліңнен кем бе?! Тұлпардың өзі бітпейтін, тұяғы кетпейтін, ұры-қарылардың өңешінен өтіп кеткен қырық жылқыңа келесі көктемде қырық құлын ал. Төлбасы сенікі болсын! – деп шіренеді.

Сонда Балпан мырс етіп:

– Жағалай елің қонбаса,
Суы тұщы болмаса,
Мал-жаның бәрі сусындап,
Мейірі онан қанбаса.
Көл дегенің немене?!
Ынтымақ-бірлік болмаса,
Елдікке мойын бұрмаса,
Үлкенің айтқан сөздерін,
Кішісі қолдап тұрмаса,
Ел дегенің немене?!
Еліне құрбан болмаса,
Абырой-бедел қонбаса,
Ағайын, туыс, ел-жұрты,
Батырым-ау деп тұрмаса,
Ер дегенің немене?!
Шайырлы шөп болмаса,
Түлігің жайлап тоймаса,
Қатар өсіп мал мен бас,
Қуанып елің қонбаса,
Жер дегенің немене?!

Желден пана болмаса,
Қарды бөгеп тұрмаса,
Аңдары қойдан өрмейтін,
Қызығын адам көрмейтін,
Қадірі жоқ қырқалы,
Бел дегенің немене?!
Адал жүрек болмаса,
Сөзіне оңа қылмаса,
Түзулікті бұрмалап,
Өтіріктi шындаса,
Кең дегенің немене?!
Атаң түйе атамай,
Ат-айғырды матамай,
Шын икемге келмесең,
Төл дегенің немене?!
Арыңды сатпа, атың сат,
Жалған айтып, болма шат,
Жалған айтып жандассаң,
Жүрегімде қалар дат,
Тегінде жөнді берсең,
Түзулікке келерсің,
Бекер айтты деп жүрме,
Түбінде бір сенерсің! –

деп аттанып кетеді.

Жанбота даугердің жаңағы батыра айтқан зілді толғауынан қаттыескенің, Балпан шешенді нөкерімен тоқтатып, айып-анжысымен қоса бес айғыр үйір жылқы беріп қайтарыпты.

ДАНАЛЫҚ

Анасын көріп қызын ал,
Аятын көріп асын іш.

Ата-анаң бар болсын,
Бала кезде жар болсын.

Ананды Меккеге үш рет арқалап апарсаң да қарызын өтей алмайсын.

Ата-ананың қадірін,
Балалы болғанда білерсін.
Ағайынның қадірін,
Жалалы болғанда білерсін.

Ана жақсылығын ауырсаң білерсін,
Қайын жақсылығын қыдырсаң білерсін.

Үл таппас қатын болмас,
Тұрарын айт.
Мал таппас еркек болмас,
Құтарын айт.

Ағайынның алтын сарайынан,
Ананың жылы лашығы артық.

Әйелді жаман десең, анаң соның ішінде.

Ақ жаулығы ананың –
Ақ көрпесі баланың.

Атыңа ауыр жүк артпа,
Анаңа ауыр сөз айтпа.

Ана болған дана болады.

Ана баласын арыстанның аузынан алады.

Мылқаудың тілін анасы біледі.

Анасын сыйламағанды адал деме,
Ұстазын сыйламағанды адам деме.

БАҚТЫБАЙДЫҢ ӨКІНІШІ

Бақтыбай ақын хат танымаған. Сондықтан ол өзінің өлеңдерін қағаз бетіне түсіре алмаған. Ақын судай актарылғанымен оның жырлары айтылған жерде қала берген. Тек зерделі жандар жаттаған кейбір өлеңдері ғана ел аузында сақталып қалған. Сондықтан да Бақтыбай ақын өзінің хат танымайтындығына назаланып, бірде-бір өлеңнің басма бетін көрмегеніне өкініш білдіреді. Ол өзінің «Арман» атты өлеңінде осы өкінішін сол кездегі өмір сүру тауқыметімен қабыстыра былай деп жырлайды:

Туылғын өзім Текелімде,
Бұрынғы ата-қоныс мекенімде.
Асырау қатын-бала қамыменен,
Кетіппін көрінгеннің жетегінде.
Домбырамды арқалап, жаңқалатап,
Осылай дүниеден өтемін бе.
Жасымды үлкеннің деп бескеш қылман,
Ешкі мен сақалы бар текенің де.
Алдымда алпыс-жетпіс үлкен бел ғой,
Сексеңге сонау тұрған жетемін бе.
Жазу, сызу дегеннен хабарым жоқ,
Өлеңді көрге сүйреп кетемін де.
Бір сөзім басма бетін көрмеген соң,
Арманды сөзіме арқау етемін де.
Армансыз пенде болмас деген сөз бар,
Мен-дағы сол арманмен өтемін де.
Ел-жұртым мұны естіген айта жүрер,
Бақтыбай айтыпты деп өтеріңде.

ҰЛЫЛАРДАН ҰЛАҒАТ

Ғылымға тән атап айтарлық сипат – оның табандылықпен қызмет етуді талап ететіні.

И. МЕЧНИКОВ.

Ұлы адамдардың ойларына бой ұру – өте бір қызғылықты ғылым.

А. ПУШКИН.

Ғылым мен өнер арасында өте тығыз, бөлінбес байланыс бар, ғылым өмірге неғұрлым көп қызмет етсе, өмір де ғылымды соғұрлым байыта түседі.

Г. ПЛЕХАНОВ.

Ғылымдарды меңгергенімен, пайдаға асырмаған адам – жерін жыртқанымен тұқым сеппеген диқанмен бірдей.

САҒДИ.

Адамдар көп нәрсені есте сақтауға, білімді болуға, шешен сөйлеуге тырысады, бірақ осылардың бәрінің негізі – күрделі ойлауға тырыспайды.

СЕНТ-ЭКЗЮПЕРИ.

Әркім-ақ білімге мұқтаж, тыныстауға ауа іздеуді ұнатқандай, халық білім іздеуді де ұнатады.

Л. ТОЛСТОЙ.

Әркімге қажетті білім бар. Сол білімді меңгермейінше, барлық басқа білім адамға нұқсан келтіреді.

Л. ТОЛСТОЙ.

МЕНШІК ИЕСІ: Алматы облыстық "Жетісу" газеті шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны. ҚҰРЫЛТАЙШЫ: Алматы облысының әкімі

Бас редактор Жақыпжан НҰРҒОЖАЕВ

ГАЗЕТ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ МИНИСТРЛІГІНДЕ 2002 ЖЫЛҒЫ 16 ҚАЗАНДА ТІРКЕЛІП, №3322-Г КУӘЛІГІ БЕРІЛГЕН.

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, 2-қабат

Жетісу e-mail:Jetisu200 @mail.ru

"Жетісу" газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі. Газет аптасына үш рет — сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Алты машинкелік беттен асатын материалдар қабылданбайды. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, "Алматы — Болашақ" ЖАҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады. М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Кезекші редактор: Нұрбол ӘЛДІБАЕВ.

КӨЛЕМІ — 2 баспа табақ. ТАПСЫРЫС — 1165. ТАРАЛЫМЫ — 38894. ИНДЕКСІ — 65469.

Қабылдау бөлмесі және факс — 24-37-11, байланыс телефондары: бас редактордың орынбасарлары — 21-01-90, 24-33-02, жауапты хатшы —24-38-16, ауылшаруашылығы, экономика және спорт бөлімі — 24-34-06, саясат және парасат, әдебиет және мәдениет бөлімі — 24-36-07, уақыт және әлеуметтік мәселелер бөлімі — 24-32-43, білім және ғылым бөлімі — 24-30-57, фототілшілер –21-21-55, заң және ақпарат бөлімі — 24-29-82, есеп-қисап бөлімі — 24-35-28. Алматы қаласындағы тілшілер қосыны —279-13-37 (факс), 79-13-86, 79-36-43. Машықті тілшілердің аудандардағы телефондары: Үшаралда — 2-12-57, Панфиловта — 5-12-21, Райымбекте — 2-22-05, Іледе — 2-23-33. Газет табыс етілмесе — 72-59-01 телефонымен хабарласу керек.

БАСПАСӨЗ – 2010 *** БАСПАСӨЗ – 2010 *** БАСПАСӨЗ – 2010 *** БАСПАСӨЗ – 2010 *** БАСПАСӨЗ – 2010 *** БАСПАСӨЗ – 2010 ***



Отандаска отау болған Текелі

газет журналистерін жарқын көңілмен қабылдады

Отандастармен өткен кездесуді Текелі қаласы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің меңгерушісі Нұржамал Шоқанова ашып, «Жетісу» газетінің журналистерімен таныстырып өткеннен кейін сөз алған басылымның саясат бөлімінің меңгерушісі Қуат Қайранбаев алтын уақыттарын бөліп, жүздесуге жиналған жұртшылыққа алғысын білдірген. Ол сонымен бірге былтыр ғана 90 жылдық мерейтойын тойлап өткен «Жетісу» газетінің кешегісі мен бүгіні жайлы жан-жақты әңгімелеп берді.

– Тәуелсіздік алғаннан кейінгі тоқырау заманында кен өндірісі тоқтап, тығырыққа тірелген Текелі қаласының бүгіні бізді қуантады. Кеншілер мекені жыл санап емес, күн санап көркейе түсуде. Бір кездері қазақ сөзін естудің өзі мұң болған қала көшелерінде мемлекеттік тілде жазылған үрандар сондайдан көз тартады. Бұл жерде ұлттық рухты жаңғыртуға елеулі үлес қосып келе жатқан қала әкімі Серікжан Бескемпировке, оның орынбасары Гүлмира Маупашеваға және осы арамызда отырған Нұржамалға алғыс айтуға тиіспіз.

Десе де, біз бүгін осы әсем қаланы қоныс өткен отандастарымыздың ортасына келіп, еркін пікірлесуді мақсат еткен едік. «Кеңесіп пішкен тон келте болмайды» демекші, бар мәселені шешіп тастамасақ та, көпшілікті толғантқан жайларды билік назарына ұсыну, ортақ ойға оралу қаламгерлердің міндеті. Сондықтан да өздеріңізді ашық әңгімеге шақырамыз.



Жорабек ҚОЖАХМЕТҰЛЫ, Текелі қаласындағы ақсақалдар алқасының жанынан құрылған отандастар ұйымының төрағасы:



– Мен өзім бір кездері Қызылорда облысының Өзбекстанға өтіп кеткен өлкесінен көшіп келген едім. Сондықтан шет жерден келген адаммын деп есептемеймін. Сонда да болса қала әкімдігі бізге көрсетіп отырған қамқорлыққа ризашылығымды білдіремін. Серікжан Исламұлы әр тоқсан сайын біздің басымызды қосып, өзімізді толғантқан мәселелерді сұрап-біліп отырады. Көп жағдайда біз айтқан жайлар бірден шешімін де тауып жатады. Сондықтан оралмандар үшін қандай да бір күрмеуі қиын сұрақ бар деп айта алмаймын.

Бүгін сіздердің келулеріңізге орай еліміздегі төртінші билік өкілдері – журналистерге әлі де болса толық еркіндік берілмей келе жатқандығын айтқым келеді. Демократиялық бағытты таңдап алғаннан кейін ақпарат майданының өкілдеріне барынша мүмкіндік жасаған жөн. Сол сияқты мені балабақша мәселесі де алаңдатады. Біздің қаламызда да балаларын бақшаға орналастыра алмай жүргендер көп. Осы мәселе тезірек шешімін тапса екен деймін.

Нұржамал ШОХАНОВА:



– Балабақша мәселесі өткен жолы Президенттің тікелей эфирде берген сұхбатында ең өзекті мәселе деп танылғанын білесіздер. Бүгінде қаламызда да қазір бұл жай мықтылап қолға алынған. Бір кездері балабақша болған ғимараттарды есепке алып, олардың жай-күйін зерттеп, қайтарып алу бағытында жұмыс жасаудамыз. Осы орайда Үкімет басшысы Кәрім Мәсімов айтқандай, мемлекеттік мекемелерге берілген ғимараттарды қайтару, ал жекеменшікке өтіп кеткен балабақшаларды кері сатып алу мәселесі қаралуда. Қалай болғанда да бұл жай ескерусіз қалмайды.

Жорабек ҚОЖАХМЕТҰЛЫ:

– Мені алаңдататын тағы бір жай, мемлекеттік тілдің қолданыс аясының аздығы. Әсіресе Моңғолия мен Қытайдан келген ағайындар орыс тілін түсінбейді. Жұмысқа орналасқанда, мекемелерге барғанда солар көп қиналып жатады. Сондықтан ұйымдар мен кәсіпорындарда аудармашы ұстаса деген ұсынысым бар.

Қуат ҚАЙРАНБАЕВ:

– Баспасөз еркіндігіне келетін болсақ, бізде бұл мәселе біршама шешімін тапқан деп айтуға болады. Мемлекет құзырындағы газеттер мен телехабарлардың сыртында тәуелсіз басылымдар да еркін өрістеуде. Оппозициялық газеттер өз пікірлерін ашық білдіріп жатқанын көріп жүрсіздер. Әрине, кейбір шектеулердің бар екенін жоққа шығара алмаймыз. Алайда бұл болашақтың үлесіне қалатын шаруа.

Тіл мәселесіне байланысты да осыны айтпақшымын. Баяу болса да мемлекеттік тілдің тұғыры биіктей түсуде. Оған жаңадан ашылып жатқан балабақшалардың, мектептердің қазақ тілінде жұмыс жасауы көпіл. Сондықтан уақыт өте келе бәрі де орнына келеді деп сенемін.

Газел НҰРАЛТАЙ, №5 орта мектептің мұғалімі:

– Менің айтарым, қалада



тұратын қандастарымыздың көпшілігі – оралмандар. Олар Текелінің тарихын біле-бермейді. Сондықтан осы өлкенің кешегісі мен бүгіні жайлы жазылған кітаптар шығарылса. Сол сияқты, Әбіжан Омарқұлов ағамыздың жырлары жеке кітап болып шықса деген ұсынысымыз бар.

Дін, тіл, діл мықты болмаған елдің болашағы да бұлыңғыр. Осы орайда ислам дінінің атқарар қызметін бағаламасқа болмайды. Дін жолына түскен адамдар маскүнемдік пен нашақорлықтан да алыс жүретіні белгілі. Сондықтан қаламызға жастарды имандылыққа шақыратын үлкен мешіттің қажеттілігі айқын көрініп отыр. Қазіргі мешіттіміз шағын әрі тар. Демек, көп болып қолға алып, жаңа мешіт салудың мезгілі жеткен сияқты.

Нұржамал ШОХАНОВА:

– Текелі қаласы туралы аз жазылып жүрген жоқ. Оны керек қылған көзі қарақты оқырман болса тауып алып, танысуына болады. Сол сияқты Әбіжан Омарқұлов ағамыздың өлеңдерін жинастырып, баспаға әзірлеп отырмыз. Қаржы мәселесі шешілетін болса, оны да шығару қиынға түсе қоймас.

Жақында Айт намазы кезінде мешітке барған қала әкімі Серікжан Исламұлы жиналғандармен мешіт жайлы да пікірлескенін білесіздер. Жаңа мешіт салуға жер бөлінгеніне де үш жыл өтті. Бұл мақсатқа мемлекет қаржысын бөлуге болмайды. Ендеше қалталы кәсіпкерлер, жүрегінде иманы бар жұртшылық бірлесе отырып құрылысты қолға алуы керек. «Көп түкірсе – көл» дегендей, жұмыла кіріссе бұл мәселе де шешіледі деп ойлаймын.

Қалалық газеттің атауын өзгерту мәселесімен шұғылданғанымызға да біраз жыл болды. Алайда бұған қомақты қаржы керек екен. Сәтін салса Жаңа жылдан бастап аты өзгертілген «Текелі» деген газет қолдарыңызға тиеді.

Саян КЕНТАЙ, №5 орта мектептің мұғалімі:

– Әр елдің өзіне тән ұлттық



ұлық мерекесі болады. Мысалы, Қытайда 1949 жылғы революция жеңісі – тәуелсіздік мерекесі ретінде кең көлемде аталып өтіледі. Моңғолия үшін мұндай мейрам 1921 жылғы тәуелсіздікке қол жеткізу күні. Ал бізде 16-желтоқсан Жаңа жылдың көленкесінде қалып қоятындай. Қаланың қай бұрышына барсаңыз да Жаңа жылға байланысты эшкейлер меңмұндалайды. Ал тәуелсіздік күніне арналған көрнекі үгіт плакаттарын көре алмайсың. Осы жай жанымды мазалайды.

Сол сияқты тәуелсіздігіміздің негізін қалаған кеткен Желтоқсан көтерілісіне қатысқан ұлықгдарымызды марапаттау мәселесі де жетіспейтіндей көрінеді. Бұл жас ұрпақтың бойында ұлттық патриотизм мен отаншылдық сезімдерін қалыптастыратын басты оқиға емес пе?!

Қуат ҚАЙРАНБАЕВ:

– Тәуелсіздік мерекесі Жаңа жылдың көленкесінде қалып жатады деген сөзіңізге мен де қосылмын. Осы жайлы газет тілшісі Шолпан Жүнісбайқызы «Шыршаның көленкесінде қалған Желтоқсан» деген мақала әзірледі. Сіз айтқан олқылықтарды біз де көріп жүрміз. Қолына қалам ұстаған ұлтжанды азаматтар айтудай-ақ айтып келеді. Меніңше, билік басындағылар осы жайға лайықты көңіл бөлмей келе жатқан сияқты. Әйтпесе, Тәуелсіздік мерекесі елімізідің ең негізгі әрі басты мейрамы болу керек емес пе?! Ендеше, қаржыны Иса пайғамбардың туған күнін атап өтуге шашпай, Қазақ мемлекетінің туған күніне бағыттаса әлдекайда оңды болар еді. Бұл сіздер мен біздер бірігіп атқаратын ортақ шаруа болмақ.

Мәкен ШАЛҚЫНБЕКОВА, әжелер алқасының төрайымы:



– Менің Текелі қаласында тұрып келе жатқаныма 45 жыл болған екен. Алғаш институт бітіріп келіп, тұңғыш ұлым Аскар дүниеге келгенде: «Сіздің ұлыңыз қаладағы қазақтардың санын 2 пайызға жеткізді» – деген еді. Бүгін, құдайға шүкір, жергілікті ұлттың саны 48 пайызға жетті. Бір кездері мектептегі 50–60 мұғалімнің ішінде бір-екі қазақ отырып қазақша амандассақ: «Неге орысша сөйлемейсіңдер?» деген ұрыс естуші едік. Қазір қаламызда таза қазақша білім беретін, аралас мектептер мен балабақшалар ашылуда. Мен осыған тәубе деймін. Тәуелсіздік алған жылдары облыс әкімі Заманбек Нұрқаділовке қайта-қайта барып жүріп, қазақ сыныптарын ашу үшін майдандасқанбыз. Соның барлығы бүгін орындалды.

Тағы бір айтарым, шет жерден Отанына оралған қандастарымызды «оралман» деп атағанды қояйықшы. Қазақ болғаннан кейін оларды «оралғандар» деп, мұндағыларды «жергіліктілер» деп бөлгеніміз дұрыс емес сияқты. Ал, «Жетісу» газетіне келер болсақ, бұл республикадағы шоқтығы биік басылым деп есептеймін. Газеттен түрлі айдармен берілген қызықты мақалаларды көп оқимыз. Соның ішінде «Ардагер» қосымшасы, «Зерде», «Замандас» бөтерлі мұғалімдер үшін таптырмас дүние. Сондықтан «Жетісудың» журналистеріне шығармашылық табыс, денсаулық пен бақыт тілейміз.

Қуат ҚАЙРАНБАЕВ:

– Басылым қызметкерлеріне айтқан жылы лебізіңізге рахмет. Ал «оралман» сөзіне келер болсақ, бұл алыс-жақын шет елдерден ата жұртына келген адамдардың мәртебесін биіктайтын сөз ғана. Мысалы, жұмыр көші-қон комитетінде оралмандар туралы жаңа заңның қабылдануына орай осы сөз төңірегінде қызу пікірталас болып өтті. Біреулер «отандас», екіншілері «қандас», енді біреулері «ағайын» деп атайық деп жатты. Қарап отырсақ, бұл атаулардың бірде-бірі бауырлардың мәртебесін дәл анықтауға келмейді екен. Көптеген ойлар айтылғаннан кейін ағайындардың өздері де «оралман» деген ұғымды қалдыру жөн шығар деген пікірге келісті. Осыны өздеріңіз де ойланып көріңіздерші?

Фазулла БҮРКІТБАЙ, кәсіпкер:



– Расында, «оралман» сөзі мен үшін түрпідей тимейді. Оған етіміз де үйреніп қалған. Ең бастысы бұл сөз бізді «қытай», «моңғол» деген атаулардан құтқарды. Өз басым оралман сөзіне байыппен қараймын.

Гүлбаршын БЕКТІБАЕВА, №1 орта мектептің мұғалімі:

– «Жақсының жақсылығын айт, ұяры тасысын» деген бар ғой. Мен кешегі жер сілкінісі кезінде халық ауыртпалығын бірге көтерісіп, қаржылай және рухани демеуші болған ел ағаларына шексіз алғысымды білдіргім келеді. Біздің мектеп те зілзаладан зардап шеккен еді. Қомақты қаржы бөлініп, мектебіміз күрделі жөндеуден өткізілді. Жаңадан интерактивті тақталар әкелініп, заманға сай құралжабдықтармен қамтамасыз етілудеміз. Қаламыз да күннен-күнге көркейе түсуде. Өзбекстанда жүргенде де жағдайымыз жаман болған жоқ. Алайда, ұрпағымыз өз Отанында, өз жерінде өркен жайсын деген ниетпен ата жұртқа қоныс аударған болатынбыз. Оған еш өкінбейміз. Ең бастысы бізді түсінетін, қолдайтын ағаларымыз бар. Тәуелсіздік мейрамы қарсаңында арнайы келіп, бізбенен пікірлесіп отырған «Жетісу» газетінің журналистеріне және барша ұжым мүшелеріне ыстық ықыласымызбен алғыс білдіреміз.

Жорабек ҚОЖАХМЕТҰЛЫ:

– Сөз орайы келгенде, мемлекеттік марапаттауға кімдер және қалай ұсынылатынын білгім келеді? Себебі, аяқ-қолымыз сырқағанда дәрігерлерге барсақ, бізге жаны қалмай қызмет көрсетіп жатқандары. Осындай ізгі жүректі жандар мереке қарсаңында құрметке кенелсе деймін.

Мақпуза ЕРНИЯЗОВА, №5 мектептің орта мұғалімі:

– Мен өзім Өзбекстаннан келгеніммен ата жұртым Қарағанды қаласының төңірегі. Тәуелсіздіктің арқасында Отанымда оқып, оның ішінде Текелі сияқты табиғаты әсем, жері бай, елі дархан өлкеге қоныс тепкеніме бақыт деп санаймын. «Жетісу» газетін мектеп ұстаздарының 70-80 пайызы жаздырып алады. Онда жарияланатын мақалалар біздің көңілімізден шығып, талғамымызды қанағаттандырады. Алдағы уақытта да осы үрдістен жаңылмай, ел санасын оятуға, ұландарымыздың бойына ұлттық рухты сіңіруге үлес қоса берініздер демекпін. Біз, ұстаздар қауымы, өз тарапымыздан жаңа айтқандай Тәуелсіздік мерекесінің ескерусіз қалмай, әрбір бұлдіршіннің кеудесінде Отанына деген сүйіспеншілік отын жағуға барынша атсалысамыз деп уәде беремін.

Қуат ҚАЙРАНБАЕВ:

– Алтындай уақыттарыңызды бөліп, ортамызға келгендеріңіз үшін «Жетісудың» қаламгерлері атынан алғыс білдіруге рұқсат етіңіздер. Елдік пен ерлік және рухани еркіндік төңірегіндегі айтқан әңгімелеріңіз құлаққа қонымды, жүрекке жағымды әсер қалдырды. Ендеше, біз де өз тарапымыздан ертеңгі аталып өтетін Тәуелсіздік мейрамымен баршаларыңызды құттықтап, өз кәсіптерінізде табысқа кенелеге беріңіздер демекпіз. Мерекелеріңіз құтты болсын! Алдағы уақытта да «Жетісу» газетінің бетінде жүздесіп, ортақ жеңістеріміз бен қуаныштарымызды бірге тойлайық, ағайын!

● ДЕНІҢ САУ БОЛСА – ДӘУЛЕТ СОЛ

«Жетісу» газетіне биылғы жазылу болжамын алғашқылардың бірі болып Текелі қаласы орындап шықты. Соған орай оқырмандарымызбен кездесу барысында қала аумағында орналасқан кәсіпорындар мен демалыс орындарына да бас сұға кеткенді жөн көрген едік. Газетіміздің тұрақты оқырмандарын бұл бағыттағы ақпараттардың да қызықтыратыны сөзсіз.

ДЕМАЛУШЫЛАР ДӘН РИЗА

Текелі туралы сөз қозғағанда оның ерекше көркем табиғаты жайында айтпай кету мүмкін емес. Қора шатқалы сияқты сұлулығы көздің жауын алатын керемет жерлер көпшілікті қашанда өзіне тартып тұрады. Сондай көрікті орындардың бірінде, орманды тау бөктерінде орналасқан «Алтын чажа» емдеу-сауықтыру орталығы бүгінде халықтың сүйікті демалыс орнына айналған.

Аталған орталық шағын кәсіпкерлікті дамыту саласындағы жетістіктер сарапқа салынған биылғы облыстық байқауда «Халыққа тұрмыстық қызмет көрсету саласындағы ең үздік кәсіпкер» номинациясында екінші орынға ие болды. Әлеуметтік сала бойынша қол жеткізген үздік көрсеткіштері үшін облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының Алғыс хатымен де марапатталған.

Мұндай марапаттардың текті текке берілмейтіндігі белгілі. Қол жеткен қомақты табыстың тасасында емдеу-сауықтыру орталығына келушілердің демалысын ойдағыдай ұйымдастырып, денсаулықтарын жақсартуға күш салу жөніндегі талпыныстың жатқандығы айдан анық.

Жұмысын 1976 жылы бастаған «Алтын чажа» орталығы Талдықорған қаласынан 30 шақырым қашықтықта, теңіз деңгейінен 1050 метрлік биіктікте орналасқан. Бас дәрігері Бақтияр Ақниязовтың айтуынша, мұнда бүгінде 65 адам ем қабылдап, денсаулықтарын түзеуде. Жалпы емдеу-сауықтыру орталығы 80 адамға есептелген.

– Бізде әдетте бос орындар болмайды. Өйткені демалушыларға барлық қолайлы жағдайларды жасауға, олардың көңілінен шығуға күш саламыз. Бұл орайдағы талпынысымыз нәтижесіз де емес сияқты. Бір қуантатыны, замандастарымыз дағдарысқа қарамастан өз денсаулықтарына көбірек көңіл бөле бастады, – дейді Бақтияр Ақниязов.

Айтса айтқандай, демалушылар VIP, люкс нөмірлерде және бағасы онша қымбат емес бөлмелерге орналаса алады. Әр бөлме кабельді теледидармен, баска да қажеттердің барлығымен қамтамасыз етілген. Мұнда урологиялық, андрологиялық, гинекологиялық және баска да түрлі аурулардан зардап шегетіндер тиісті ем ала алады.

Бақтияр Ақниязов демалушылардың тыныс алу жолдарын жақсарту үшін көне Қытайдың «Цигун» жаттығуларын жасатады екен. Ал буын ауруларын емдік балшықпен емдеу тәсілі жолға қойылған.

Сөз орайы келгенде Бақтияр Ақниязовтың Алакөлдің емдік балшығын жоғары бағалайтындығын айта кетейік. «Емдік мақсатқа қолданылатын балшықты Алакөлден ғана алдыртамын», – дейді ол.

Емдеу-диагностикалық кешенінде сумен, шұңғітпен емдеу әдістері, физиотерапия, биоптрондық жарықтық және магниттік-лазерлі жылытқыш қолданылады. Мәселен, тек сумен емдеу әдісі бойынша ғана 24 түрлі емдік ванна алуға болады. Оның ішінде озокериттік-парафиндік ванна да бар. Физиоемдеу бөлмесіндегі осы заманғы массаждық креслолар мен төсектерде механикалық массаж да жасалады екен.

Ем қабылдаушылар сауна мен бильярд бөлмесінде де уақыт өткізе алады. Қажет еткен жағдайларында да алыска бармайақ осы орталықтың аумағынан сатып алуға болады. Келгендерді бас-аяғынмалдымен компьютерлік тексеруден өткізеді екен. «Бұл процедура небары 7 минут қана уақыт алады», – дейді Бақтияр Ақниязов бізге «Алтын чажаны» аралатып жүріп.

Бір байқағанымыз, мұнда барлық жұмыс бір жүйеге келтірілген. Орталық қызметкерлерінің өз мамандықтарын жетік меңгергендіктері байқалады. Демалушылар ризашылықтарының сыры да осында жатса керек.

Емдеу-сауықтыру орталығы қызметкерлерінің орташа жалақылары 30 мың теңгені құрайды екен. Мұның өзі олардың тұрмыстық жағдайларының да жақсы екендігін білдіреді.

Сөз соңында Бақтияр Ақниязов тұрғындардың өз денсаулықтарына деген жауапкершілігіне тоқталды. «Замандастарымыз аурудың алдын алуға күш салуы керек. Яғни ауруханада ұзақ уақыт бойы емделуден гөрі осындай емдеу-сауықтыру орталықтарында денсаулықтарын түзегендері дұрыс емес пе?», – дейді ол бізді шығарып салып тұрып.



● КӨРГЕНІ ЖАҚСЫ КӨШ БАСТАР

Текелі қаласына жол тартқан әрбір жолаушыны ең алдымен қала тұрғындары «Жасыл үй» атап кеткен кіре-берістегі «Green House» жылыжайы қарсы алады. Оны көріп, көңіліне жылылық ұялатқан қонақтар ары қарай табиғаттың тамаша сұлулығына тәнті болып кете береді.

Гүлстанның патшайымы

Сыртынан қарағанда қажырлы қайраттың нышанын сезіндіретін нысанға кірмес бұрын бізді көп ойдың мазалағаны рас. Десе де, «Green House» жылыжайының директоры Гүлмира Нәбиева жылы қабылдады. Алдымен көзімізге сөредегі қаз-қатар тізілген түрлі басылымдар түсті. Ең алдыңғы қатардан орын алған «Жетісу» газетін көргенде көтеріліп қалғанымыз бар. Тағы бір байқағанымыз, Гүлмира Нұрсұлтанқызының қазақ қыздарына тән ажарлығындығы мен іскерлігі және ұлтжандылығы бізді бірден баурап алды. Шашауын шығармай, шаруасын шалқытып отырған кәсіпкер әңгіме өзегін жылыжайдың өткені мен бүгінгі жағдайын таныстырудан бастады.

Ағалған жылыжай 2003 жылы «КАЗ ЦИНК» ЖШС тарапынан халықты әлеуметтік қорғау мақсатында салынып, бастабында көкөніс өндірумен айналысқан. Сол тұста көптеген адамның нәпақа көзіне айналған нысан соңғы жылдары табысының азаюы мен қаржылық қиындыққа байланысты жекешелендіріпті. Оны Гүлмира Нәбиева сатып алып, бірден іске кірісті. Осыдан кейін жұмыс реттеліп, кіріс көзі арта түскен. Оның себебі, өтбасында ұлғілі ана болғаймен, кәсіптің көзін тауып, тығырыққа тірелгенде ұтымды тәсілмен тығырықтан шыға білетін Гүлмира Нұрсұлтанқызының іскерлігінде жатыр. Олар жылыжайда көкөністің орнына, өткен жылдан бері голландық роза гүлін өсіруді қолға алған. Нәтижесінде кірістері еселеле түсіпті. Екі гектар аумақты алып жатқан нысанда роза гүлінің төрт түрі өсіріліп, алыс-жақын шетелдер мен еліміздегі базарларда сұранысы мол өнімге айналып үлгерген. Оның ішіндегі «Гүлмира» атты жаңа гүл түрі осы Жаңа жылға сый ретінде базарға салынбақ. Анықтап айтар болсақ, бұл өнімнің 70 пайызы шетелдерге, қалған 30 пайызы өзіміздің базарларда сатылады екен. Қазір мұнда 97 адам жұмыс істейді, оның 24-і «Жол картасы» бағдарламасы бойынша кәсіби дайындықтан өтіп жатқан жас мамандар. Оларға 18 – 50 мың теңге айналасында еңбекақы төленуде. Сонымен бірге, қосымша екі гектар жылжай құрылысы жүріп жатыр. Олар келесі жылдың көктеминде іске қосылмақ. Онда базарда бағалы саналатын «Романсе», «Revival», «Peggac bouyd», «Polor star», «Prestige Jilva» сияқты гүлдер өсіріледі. Жылжай басшысының айтуынша, ендігі жоспарлары да қомақты, алдағы үш жылда осы аумақта 24 гектар жылжай халыққа қызмет етеді. Оның 6 гектарына гүл, ал қалғанына көкөніс өсіріледі.

Әрине, осышама аумақты игеру үшін ең бастысы еңбеккүште тұр. Оның үстіне, өлкемізде осы саланың мамандары тапшы екендігі баршамызға мәлім. Десе де, осы мәселені шешу үшін жылжай ұжымы енді көкөніс өсіретін мамандар даярлайтын кәсіптік мектеп ашуды да қолға алған. Талдықорған қаласында орын тебетін білім ордасы республика аумағындағы жұмыссыз жастардың мамандық алуына жол ашпақ.

Жылжай директорының көңілге қуат бітіретін жоспарларымен қанықкан журналистер енді кезекте нысанның ішкі құрылымымен танысып шықты. Заманға сай үлгіде салынған жылжай компьютерлік басқару жүйесінде жұмыс атқарады. Ортақшақтандырылған жылу және су жүйесі тұрақты жылылықты сақтап, өнімнің қалыпты өсуіне бар жағдай әзірлесе, гүл сақтайтын тоңазытқыштар да өлшемге сай жабдықталған. Гүл иісі аңқыған атырлатқы қыту жұмыс көзге ұрады. Қаз-қатар тізілген гүлдерді баптап жүрген қыздардың жүзі жадыраңқы. Оның дені өзіміздің қаракөздер болғаны қуантты. Ал, шеттен келген қандастарымыз да осы жерден екі қолға бір жұмыс тапқан.

Иә, «Еңбегі бардың өнбегі бар» дейміз-ау, шаруасын шалқытумен бірге, ұлын ұяға, қызын қияға қондырған Гүлмира Нұрсұлтанқызы енді халқы үшін қалтқысыз еңбек етуде. Үштөбе қаласындағы балалар үйінің үш тәрбиеленушісіне қамқор көңілін көрсеткен Гүлмира ханым оларға арнайы есептшот ашып, ақша аударып келеді. Олар 18 жасқа толғанда есептшотында 11 мың АҚШ доллары тұрады. Оның үстіне қазақ тілінің шырайын келтіріп сөйлейтін шешендігін басқа кәсіпкерлер үлгі етсе, бизнестің тілі ертерек қазақшаланып кетер еді-ау. Бір кездегі кеншілер қаласы атанып, өзге ұлттар жиі қоныстанған сұлу Текелінің тілінің де, ділінің де, бодмысының да қазақшаланып, жаңаша түске енгенінің өзі осындай ұлтжанды азаматтар мен азаматшалардың есебінен жүзеге асып жатқан жоқ па? Лайым, еңбектерің ершімді болсын еңбеккер қыздар деген жылы тілекпен аттандық.

СУРЕТТЕ: «Green House» жылыжайының директоры Гүлмира НӘБИЕВА.

Қуат ҚАЙРАНБАЕВ, Қажет АНДАС, Айнұр ӘБДІРАХЫМ, Жұмабай МҰСАБЕКОВ (фото), «Жетісу».